

«Қазақстан Ипотекалық  
Компаниясы» Ипотекалық  
ұйымы» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің  
шешімімен бекітілген

«Қазақстан Ипотекалық  
Компаниясы» Ипотекалық  
ұйымы» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің  
2013 жылғы 29 қарашадағы  
№14 отырысының хаттамасына  
қосымша

**«ҚАЗАҚСТАН ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫМЕН ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ, КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕЖЕСІ**

*(21.06.2016 ж. №7 Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген өзгерту және  
толықтыруларымен)*

## 1. Жалпы ереже

1. Осы «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамымен Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына, «Ұлттық басқарушы холдинг, Ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 мамырдағы № 787 Қаулысына (ары қарай – Үлгі ережесі) және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ережесіне сәйкес әзірленді және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды іске асырудың тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **әлеуетті өнім берушінің аффилирленген тұлғасы** - осы әлеуетті өнім беруші қабылдайтын шешімді анықтауға және (немесе) шешімге, оның ішінде шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне қарай ықпал етуге тікелей және (немесе) жанама құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзі жөнінде сол әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға;

2) *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды;*

3) **мемлекеттік сатып алу веб-порталы** - электрондық мемлекеттік сатып алудың электрондық қызметтеріне бірыңғай қол жетімділік нүктесін беретін мемлекеттік ақпараттық жүйе ([www.goszakup.gov.kz](http://www.goszakup.gov.kz));

4) **кепілдендірілген тапсырыс** – Холдингтің тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және олардың өнім берушілерінің дерекқорына енгізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

5) **біртекті тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер** - бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындауына және өзара алмастырушы болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

6) **сатып алу туралы шарт** – Ережеге сәйкес Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған тауарды жеткізу, атқарылған жұмыстар, қызметтер көрсету жөніндегі азаматтық-құқықтық шарт;

7) **ұзақ мерзімді шарт** - ұзақ мерзімді сатып алу жоспарына сәйкес 12 (он екі) айдан көп мерзімге жасалатын сатып алу туралы шарт;

8) **ұзақ мерзімді сатып алу** - ұзақ мерзімді сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын, жеткізу (орындау/көрсету) мерзімі 12 (он екі) айдан асатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу;

9) **Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы (Компания)** - «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы;

10) **сатып алу** - тапсырыс берушілердің мыналарды:

еңбек шарттары бойынша жеке тұлғаларда не қызметтерді өтемді көрсету шарттары бойынша кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғаларда жүзеге асырылатын қызметтерді сатып алуды;

жарналарды (салымдарды), оның ішінде құрылған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына енгізуді;

заңды тұлғалар жарғылық капиталындағы үлесті сатып алуды;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдар қаржыландыратын инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, банктер және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялардың негізінде банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын банктік операцияларды жүргізуге қаржы қызметтерін сатып алуды қоспағанда, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін, сондай-ақ функцияларын не жарғылық қызметін орындауын қамтамасыз ету үшін қажет тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушілердің осы Үлгі ережеде, сондай-ақ азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын ақылы негізде сатып алу;

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы, электр және (немесе) жылу энергиясы туралы заңнамасына сәйкес орталықтандырылған сауда-саттықта, спот нарығында Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын білікті энергия өндіруші ұйымдардан теңгерімделген электр энергиясын, электр энергиясын сатып алу;

теңіз портында алынатын алымдар мен төлемдерді төлеу;

іссапар шығыстарына өтемақы төлеу;

басқару органының бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеуді;

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерден ауыл шаруашылығы өнімдерін және оның қайта өңделген өнімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы өнімдерін және оның қайта өңделген өнімдерін, сондай-ақ оларды сақтау, өңдеу және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

ұлттық басқарушы холдингтің стратегиялық консультативтік-кеңесші органының қызметін қамтамасыз ету үшін ұлттық басқарушы холдингтің қызметтерді сатып алуы;

шет ел банктерінен және/немесе шет ел мемлекеттерінің аумағында тіркелген ұйымдардан хеджирлеу қызметтерін сатып алу;

мемлекеттік бағдарламаларға және олар бойынша басқа тәртіп бекітілген Қазақстан Республикасы Президентімен, Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген өзге нормативтік құқытық актілерге сәйкес іске асырылатын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу;

#### **11) инвестициялық стратегиялық жоба:**

- Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тізбеге кіретін және Қазақстан Республикасының экономикалық жағынан дамуына стратегиялық әсер етуге қабілетті инвестициялық жоба;

**11-1) стратегиялық жоба** - ұлттық басқарушы холдинг немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар айқындайтын, мынадай өлшемшарттарға сай келетін жоба:

жоба құны (сметалық және (немесе) бағалау) ағымдағы жылдың басына ұлттық басқарушы холдингтің немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымның жеке капиталының жиырма бес пайызынан асады;

экспортқа бағдарлануы және/немесе импортты алмастыруы;

**12) жергілікті қамту** - сатып алу туралы шартты орындауға жұмылдырылған Қазақстан Республикасының азаматтарына еңбекақы төлеу құнының осы шарт бойынша

жалпы еңбекақы төлеу қорынан және (немесе) сатып алу туралы шарт бойынша тауардың (тауарлардың) жалпы құнынан Қазақстан Республикасы резиденттерінің жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу немесе толығымен өндіру өлшемдеріне сәйкес тауарда (тауарларда) белгіленген қазақстандық шығу тегі үлесінің (үлестері) құнынан пайыздық қамту;

**13) кешенді жұмыстар:**

1) мыналарды:

жобалау және іздеу жұмыстарын орындауды,

«кілтпен тапсырылатын» құрылысты,

жобалау және іздеу жұмыстарын, «кілтпен тапсырылатын» құрылысты (қажет болған кезде) және

көрсетілген жұмыстарға сәйкес келетін тауарлар жеткізу, қызметтер көрсету;

2) мынаны:

бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізуді, ақпараттық жүйені енгізу жөніндегі консалтингілік қызметтерді және жабдықтар жеткізуді (қажет болғанда) қамтитын:

«кілтпен тапсырылатын» ақпараттық технологиялар саласындағы жобаларды іске асыру;

**14) тендерлік комиссия мүшесінің мүдделер қақтығысы** - тендерлік комиссия мүшесінің жеке мүдделерінің тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу кезінде тендерлік комиссия шешімдер қабылдағанда оның қатысу әділдігіне әсер етуі мүмкін жағдай;

**15) авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету** - банк кепілдігі немесе Тапсырыс беруші тендерлік құжаттамада белгілеген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды өзге де қамтамасыз ету;

**16) шарттың орындалуын қамтамасыз ету** - банк кепілдігі немесе Тапсырыс беруші тендерлік құжаттамада белгілеген шартты орындауды өзге де қамтамасыз ету,

**17) сатып алуды ұйымдастырушы** - сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау мақсатында оны құрған заңды тұлғаның атынан әрекет ететін, Тапсырыс беруші (Тапсырыс берушілер) анықтаған заңды тұлға не құрылымдық бөлімше;

18) *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды;*

19) *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды;*

20) *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды;*

**21) Холдингтің сенімсіз өнім берушілерінің тізбесі** – сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған, сатып алу жеңімпазы аталған жағдайда шарт жасаудан бас тартқан немесе біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынған Холдинг өнім берушілері туралы жүйелендірілген мәліметтер;

**22) әлеуетті өнім беруші** - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

**23) өнім беруші** - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), тапсырыс берушімен сатып алу туралы жасалған шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

**24) жұмыстар** - шикізат кен орындарының құрылысымен, жайластырылумен байланысты, заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге қызмет;

**25) резиденттер** - Қазақстан Республикасының резиденттері - шет мемлекетте тұрақты тұру құқығына осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құжаты бар азаматтарды қоспағанда, оның ішінде шетелде уақытша жүрген немесе оның шегінен тыс жерлерде

мемлекеттік қызметте жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына құжаты бар шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, оның аумағында тұратын жері бар барлық заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде тұратын жері бар олардың филиалдары мен өкілдіктері;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі оның дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкілдіктері;

26) **«кілтпен тапсырылатын» құрылыс** – мердігер құрылыс жұмыстары және оны қамтамасыз ету бойынша өзіне барлық міндеттемелерді қабылдайтын және тапсырыс берушіге шарт талаптарына сәйкес пайдалануға дайын күйінде объектіні тапсыруы тиіс құрылыс;

27) **тендерлік құжаттама** - тендерге қатысу үшін өтінім дайындауға әлеуетті өнім берушіге берілетін және тендер өткізу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтері бар құжаттама;

28) **технологиялық меморандум** - индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган Тапсырыс берушімен жасасатын және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін және кепілдендірілген мемлекеттік тапсырысты орналастыруды айқындайтын келісім;

29) **тендерлік комиссия** - тендер тәсілімен сатып алу өткізу рәсімдерін орындау үшін Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган (сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы);

30) **тауарлар** - заттар (бұйымдар), оның ішінде қатты, сұйық немесе газ түріндегі жартылай фабрикаттар немесе шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объективтендірілген нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасауға болатын заттық құқық;

31) **қызметтер** - заттай нәтижесі жоқ Тапсырыс берушінің мұқтаждығын қанағаттандыруға бағытталған қызмет;

32) **Холдинг** - «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы;

33) **Холдинг компаниясының тобы** – Холдинг пен акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Холдингке тікелей емесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілі - меншік немесе сенімгерлік басқару құқығындағы өзге заңды тұлғалардың акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы әрбір кейінгі заңды тұлғаға тиесілі болуы;

34) **сараптама комиссиясы** - сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекшелігін (техникалық тапсырмасын) әзірлеуге қатысу үшін, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекшеліктеріне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды әзірлеу үшін тартылатын, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы (сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы) құратын алқалы орган;

35) **сарапшы** - сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекшелігін (техникалық тапсырмасын) әзірлеуге қатысу үшін, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекшеліктеріне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды әзірлеу үшін тартылатын, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы (сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы) айқындаған жеке тұлға;

36) **электрондық сатып алу** - сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу үдерістерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, баға

ұсыныстарын сұрату немесе тендер тәсілдерімен, оның ішінде төмендету сауда-саттықтарын пайдаланып сатып алу.

3. Тауарларды, жұмыстарды қызметтерді сатып алу:

1) сатып алу үдерісінің жариялылығы мен ашықтығы;

2) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау;

3) сапалы тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу;

4) мүгедектер ұйымын (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалар), отандық тауар өндірушілерді, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін, отандық кәсіпкерлерді қолдау талабымен сатып алу үдерісіне қатысу үшін барлық әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;

5) *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды;*

6) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

7) қабылданатын шешімдерді бақылау және жауапкершілік;

8) сатып алу үдерісінде делдалдардың қатысуын азайту;

9) инвестициялық стратегиялық жобаларды тиімді іске асыру қағидаттарына негізделеді.

4. Сатып алу үдерісі:

1) сатып алу жоспарын (- ларды) әзірлеу мен бекітуді;

2) өнім берушіні таңдауды;

3) сатып алу туралы шарттың қорытындысын және оның орындалуын қамтиды.

5. Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы жүзеге асырады.

Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерінің орындалуына жауапты құрылымдық бөлімшесі болуы қажет.

Өткізілетін/өткізілген сатып алу жөніндегі құжаттар Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерінің орындауы үшін жауапты құрылымдық бөлімшеде сақталады. Бұл ретте құжаттардың сақталу мерзімі іс қағаздарын жүргізу нормаларымен және(немесе) Тапсырыс берушінің іс қағаздары номенклатурасымен анықталады.

Сатып алулар туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған, сатып алудың жеңімпазы деп танылған жағдайда немесе біліктілік талаптары бойынша сенімсіз ақпараттар ұсынған, Холдингтің сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне ендірілген Өнім берушілер осындай фактілер белгілі болған кезеңнен бастап 204 (жиырма төрт) ай ішінде Холдинг компанияларының сатып алуларына қатысуға жіберілмейді.

Холдингтің сенімсіз өнім берушілерінің тізбесі Холдинг Басқармасымен анықталған тәртіппен жинақталады және бекітіледі.

6. Компания Компанияның уәкілетті органымен бекітілетін есептілікті құрастыру және ұсыну тәртібін анықтайтын ішкі құжаттарға сәйкес жергілікті қамту үлесі бойынша ақпараттар ұсынады.

## 2. Сатып алуды жоспарлау

7. Сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді Тапсырыс беруші бекітілген сатып алу жоспарының негізінде қабылдайды.

Тапсырыс беруші тиісті бюджеттің (бизнес-жоспардың, кірістер мен шығыстардың сметасы) негізінде сатып алу жоспарын әзірлейді және бекітеді, ол мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) жылдар бойынша орта мерзімді кезеңге арналған сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманы қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы.

Жұмыстардың номенклатурасы осы жұмыстарды орындау шеңберінде сатып алынатын тауарлардың көлемі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс;

2) сатып алуды жүзеге асыру тәсілі;

3) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің жоспарланатын мерзімі мен орны;

4) келесі қаржы жылы (жылдары) аяқтау мерзімі бар сатып алу туралы шарттар жасасқан жағдайда әрбір қаржы жылына бөлінген және көзделген соманың шегінде кестеге және жылдар бойынша белуге сәйкес тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің жоспарланатын мерзімі

8. Жоспарланған кезеңге арналған сатып алу жоспар(лар)ы өндірістік бағдарламаның және (немесе) инвестициялық бағдарламаның және (немесе) бюджеттің және (немесе) даму жоспарының және (немесе) бизнес-жоспар негізінде жинақталады. Тауарларға қатысты сатып алу жоспар(лар)ы тауарлардың номенклатурасы бөлігінде қалыптасады. Тауарларды жеткізу мерзімін жоспарлаған кезде Тапсырыс беруші өндірістің технологиялық мерзімін және (немесе) тауарды сатып алу жоспарланатын жеткізу мерзімін ескеруге тиіс.

9. Сатып алу жоспарын өндірістік бағдарлама және (немесе) инвестициялық бағдарлама және (немесе) бюджет және (немесе) даму жоспары және (немесе) бизнес-жоспар бекітілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінің ішінде Тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе оған уәкілетті өзге де тұлға бекітеді және ол Холдинг Басқармасы белгілеген нысанға сәйкес келуге тиіс.

10. Ұзақ мерзімді сатып алу жоспары өндірістік бағдарлама және (немесе) инвестициялық бағдарлама және (немесе) бюджет және (немесе) даму жоспары және (немесе) бизнес-жоспар бекітілген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінің ішінде Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/қадағалау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/қадағалау кеңесі болмаған жағдайда, басқару органы/жоғары орган (қатысушылардың жалпы жиналысы) шешімімен бекітіледі және ол Ереже талаптарына сәйкес келуге тиіс.

11. Тапсырыс беруші сатып алу жоспар(лар)ын бекіткеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны өзінің веб-сайтына және Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік сатып алудың веб-сайтына орналастыруға міндетті.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу рәсімдері сатып алу жоспар(лар)ында белгіленген мерзімде жүзеге асырылуға тиіс.

12. Бекітілген сатып алу жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға болмайды.

Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтердің өнім берушісін таңдауға қатысты сатып алу рәсімдерін бюджет (бизнес-жоспар, кірістер мен шығыстар сметасы) пен сатып алу жоспары бекітілгенге дейін жүзеге асыра алады. Бұл ретте бюджеттің (бизнес-жоспардың, кірістер мен шығыстар сметасының) және өнім берушіні таңдауға қатысты сатып алу рәсімдері жүзеге асырылған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу жоспарының бекітілуі сатып алу туралы шартты жасасу талабы болып табылуы тиіс.

13. Тапсырыс беруші сатып алу жоспар(лар)ына өзгерістерді, толықтыруларды мынадай:

- бекітілген өндірістік және (немесе) инвестициялық бағдарламаға және (немесе) бюджетке және (немесе) даму жоспарына және (немесе) бизнес-жоспарына өзгерістер, толықтырулар енгізу.

Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарына сәйкес бекітілген өндірістік және (немесе) инвестициялық бағдарлама және (немесе) бюджет және (немесе) даму жоспары және (немесе) бизнес-жоспар шеңберінде сатып алу жоспар(лар)ына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы.

Тапсырыс беруші сатып алу жоспар(лар)ына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар көрсетілген нақтыланған сатып алу жоспарын өзінің веб-сайтына және мемлекеттік сатып алудың веб-сайтына орналастыруға міндетті.

14. Тапсырыс беруші сатып алудың кез келген кезеңінде сатып алу жоспар(лар)ында көзделген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға жұмсалатын шығыстар қысқартылған, қажеттіліктің негізді азайтылуы немесе тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығы жағдайларында сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Бұл жағдайда Тапсырыс беруші:

1) сатып алу жоспар(лар)ына тиісті өзгертулер ендіруге;  
2) сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өткізілетін сатып алуға қатысатын тұлғаларды бұл туралы хабарлауға және тиісті хабарландыруды Тапсырыс берушінің веб-сайтына және мемлекеттік сатып алудың веб-сайтына жариялауға;

3) сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алуға міндетті.

Бұл ретте Ереженің осы тармағының бірінші абзацында көзделген жағдайда сатып алу жоспар(лар)ына сатып алуға жұмсалатын шығыстардың кейіннен ұлғаюы, қажеттіліктің ұлғаюы немесе ағымдағы жылы осындай тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың орындылығының туындауы туралы куәландыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

### **3. Сатып алу тәсілдері**

15. Өнім берушіні таңдау келесі тәсілдермен жүргізіледі:

1) тендер өткізу:

- ашық;

- жабық;

- екі кезеңдік (ашық, жабық);

2) баға ұсыныстарына сұрау салу;

3) ұйымдастырылған электрондық сауда-саттықта;

4) тауар биржалары арқылы;

5) бір мәлімет көзі арқылы;

6) кепілдендірілген тапсырыс;

Ашық тендер, ашық екі кезеңді тендер және баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен жүргізілетін сатып алулар электрондық сатып алулар арқылы жүргізілуі мүмкін.

16. Егер:

1) әлеуетті өнім беруші не оның қосалқы мердігері (тең орындаушысы) Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесінде және/немесе Мемлекеттік сатып алуға адал емес қатысушылардың тізілімінде тұрса;

2) консорциумға кіретін заңды тұлға Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесінде және/немесе Мемлекеттік сатып алуға адал емес қатысушылардың тізілімінде тұрса, әлеуетті өнім берушінің өткізілетін сатып алуға қатысуға құқығы жоқ.

Сатып алу тәсілін Тапсырыс беруші Ереженің негізінде дербес таңдайды.

17. Тендер не баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асырған кезде:

1) біртекті емес тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді Тапсырыс беруші тендерлік құжаттамада не сатып алуды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізу туралы хабарландыруда мұндай тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді біртектілік бойынша лоттарға



бөлуге міндетті;

2) біртекті жұмыстарды, қызметтерді Тапсырыс беруші тендерлік құжаттамада не сатып алуды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізу туралы хабарландыруда біртекті жұмыстарды, қызметтерді беру оларды орындау, көрсету орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті;

Ереженің осы тармағында белгіленген талаптар тендер тәсілімен кешенді жұмыстарды сатып алуға және жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті бойынша қызметтерді орталықтандырылған сатып алуға қолданылмайды.

18. Тендерге қатысуға өтінімдерді, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға баға ұсыныстарын қарау, салыстыру және бағалау, сондай-ақ тендер жеңімпазын айқындау Ереженің 17-тармағында көрсетілген жағдайларда, тендерлік құжаттамада, не баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүргізу туралы хабарландыруда сатып алу көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

19. Компания дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында өзіне тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйым/ұйымдар үшін олармен келісім бойынша сатып алуды ұйымдастырушы ретінде түсуге құқылы.

Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін Тапсырыс беруші дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында Тапсырыс берушіге тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды сатып алуды ұйымдастырушы деп белгілеуге құқылы.

Тапсырыс беруші қызметінің бейіні Тапсырыс беруші үшін сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ерекшелігіне сәйкес келетін Холдингке кіретін ұйымды, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын өзге де тұлғаны сатып алуды ұйымдастырушы деп белгілеуге құқылы.

Тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушыны белгілеуі Ереженің 15-тармағының 1) - 2) және 5) тармақшаларында белгіленген тәсілдермен сатып алу жүргізілген жағдайларда жүзеге асырылады.

Жүргізілетін сатып алу шарттары, сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің сипаттамасын, санын қамтитын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің техникалық ерекшелігін (болған кезде), тізбесін, шарттың жобасын сатып алуды ұйымдастырушы олар үшін сатып алынатын барлық ұйымдармен келісіледі.

Холдингке кіретін ұйымдар өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша сатып алуды ұйымдастырушы таңдап алған өнім берушімен шарттар жасасуға міндетті, не сатып алуды ұйымдастырушы Тапсырыс берушінің атынан таңдап алынған өнім берушілермен шарттар жасасады.

20. Орталықтандырылған сатып алу өткізу кезінде:

1) Холдинг Компания үшін бірыңғай сатып алуды ұйымдастырушы болуға құқылы;  
2) Холдинг Компания үшін Холдинг Басқармасының шешімі негізінде бірыңғай сатып алуды ұйымдастырушыны анықтауға құқылы.

Бұл жағдайларда, тендерлік құжаттаманы сатып алу өткізілетін бірыңғай ұйымдастырушы Компаниямен келіседі.

Жүргізілген орталықтандырылған сатып алу қорытындылары бойынша Компания бірыңғай сатып алуды ұйымдастырушы таңдаған өнім берушімен сатып алу туралы шарттар жасасуға міндетті.

#### **4. Тендер өткізу тәсілімен сатып алу**

##### **Жалпы ереже**

21. Тендер өткізу тәсілімен сатып алу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 915 бабына сәйкес өткізіледі.

22. Тендер тәсілімен сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші құқыққа қабілетті (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық іс-әрекетке қабілетті (жеке тұлғалар үшін) болуы қажет.

### **Ашық тендер өткізу тәсілімен сатып алу**

23. Ашық тендер тәсілімен сатып алу рәсімі мынадай дәйекті іс-шараларды өткізуді көздейді:

1) ашық тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жүргізу туралы шешім қабылдау, тендер комиссиясының, қажет болған жағдайда сараптау комиссиясының құрамын (сарапшыны) бекіту, тендер комиссиясының хатшысын белгілеу, тендерлік құжаттаманы бекіту;

2) ашық тендер тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарландыруды Тапсырыс берушінің және сатып алуды ұйымдастырушының веб-сайтына және Қор анықтаған веб-сайтқа орналастыру және аптасына кемінде 3 (үш) рет басылып шығатын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайтын мерзімді баспа басылымында жариялау;

3) тендерлік құжаттаманы Тапсырыс берушінің және сатып алуды ұйымдастырушының веб-сайтына және Қор анықтаған веб-сайтқа орналастыру, әлеуетті өнім берушілерге тендерлік құжаттаманы беру;

4) ашық тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тендер комиссиясы хатшысының қабылдауы және тіркеуі;

5) ашық тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттерді ашу бойынша тендер комиссиясының отырысы, ашық тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттерді ашу хаттамасын ресімдеу, ашық тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тендер комиссиясының қарауы.

Осы тармақшаның талаптары тендерлік комиссиясының әлеуетті өнім берушінің ашық тендерге қатысуға арналған өтінімін қарастыруды қоспағанда, электрондық сатып алуға қолданылмайды;

6) ашық тендердің қорытындыларын шығару, ашық тендердің қорытындылары туралы хаттама ресімдеу;

7) ашық тендердің қорытындылары туралы хаттаманы Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының веб-сайтына орналастыру;

8) ашық тендердің қорытындылары туралы ақпаратты мемлекеттік сатып алудың веб-порталына орналастыру;

9) ашық тендер жеңімпазымен сатып алу туралы шарттар жасасу.

Ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алуларды жүргізу рәсімдері электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттармен реттеледі.

### **Тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы (сарапшы)**

24. Ашық тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жүргізу, тендер комиссиясының, қажет болған жағдайда сараптау комиссиясының құрамын (сарапшыны) бекіту, тендер комиссиясының хатшысын белгілеу, тендерлік құжаттаманы бекіту туралы шешім Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысының немесе олар уәкілеттік берген өзге тұлғаның бұйрығы түрінде ресімделеді.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық ерекшелігін әзірлеу үшін Тапсырыс беруші тендерлік құжаттаманы

әзірлеу кезеңінде сараптау комиссиясын құруға (сарапшыны тартуға) құқылы.

25. Тендерлік комиссияның құрамына тендерлік комиссияның төрағасы, төрағасының орынбасары және мүшелері кіреді. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын тендерлік комиссия төрағасының орынбасары орындайды. Тендерлік комиссияның құрамы кемінде бес адам болуға тиіс.

Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары немесе өзге басшысы тендерлік комиссияның төрағасы болады.

26. Тендерлік комиссияның төрағасы:

- 1) тендерлік комиссияның жұмысын жоспарлайды және қызметіне басшылық жасайды;
- 2) тендерлік комиссияның отырыстарында төрағалық етеді;
- 3) Қағидада көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады.

27. Тендерлік комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және Ереженің 78-81 тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін (егер тендер өткізілмеген жағдайда) не тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасқан күннен бастап өз қызметін тоқтатады.

28. Тендерлік комиссияның отырысы тендерлік комиссия құрамының көпшілігі қатысқан кезде жүргізіледі және отырысқа қатысқан тендерлік комиссияның құрамы және тендерлік комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Тендерлік комиссия құрамының қандай да бірі қатыспаған жағдайда, тендерлік комиссия отырысының хаттамасында осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме жасай отырып, оның болмау себебі көрсетіледі.

Тендерлік комиссия құрамының қарапайым көпшілігі болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы кворумға қол жеткізу мақсатында Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының шешімі негізінде тендерлік комиссияның қандай да бір қатыспаған құрамының орнын басқамен ауыстырады. Қатыса алмаған тендерлік комиссия хатшысын және (немесе) сарапшыны ауыстыруды Тапсырыс беруші міндетті тәртіппен жүргізеді.

29. Тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған тендерлік комиссияның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусы берілген болса, ол қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, тендерлік комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда, төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданған болып саналады. Тендерлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, осы тендерлік комиссия құрамының кез келген мүшесі ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол жазбаша түрде айтылуы және тендерлік комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуге тиіс.

Тендерлік комиссияның қандай да бір құрамының мүдделер қақтығысы болған жағдайда, осы адам тендерлік комиссияның хатшысын бұл туралы хабарландырады, ол туралы ашық тендер қорытындылары туралы хаттамада жазба жасалады.

30. Тендерлік комиссияның ұйымдастыру қызметін тендерлік комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды және тендерлік комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ.

Тендерлік комиссияның хатшысы:

1) тендерлік комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады, тендерлік комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, тендерлік комиссияның отырысын өткізуді ұйымдастырады;

2) тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын, ашық тендердің қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ тендерлік комиссия отырыстарының басқа да хаттамаларын ресімдейді және оларға қол қояды;

3) тендерге қатысуға өтінімдерді ашқан сәттен бастап оларды Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы белгіленген тәртіппен мұрағатқа сақтауға берген сәтке дейін ашық тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу құжаттарының және материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді;

4) осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

31. Тапсырыс берушіде/сатып алуды ұйымдастырушыда әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігін анықтау үшін тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы сарапшылар ретінде мемлекеттік қызметшілерді өтеусіз негізде, ал өзге сарапшыларды тараптардың уағдаластығы бойынша ақылы, сондай-ақ өтеусіз негізде тартуға құқылы.

Сарапшы ретінде қандай да бір адамды тарту үшін сатып алу мәніне оның қызмет бейінінің сәйкестігі міндетті шарт болып табылады.

32. Бірнеше сарапшыны тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тартылған сарапшылардың қатарынан сараптау комиссиясын құрады және олардың арасынан сараптау комиссиясының басшысын анықтайды.

33. Сарапшылар (сараптау комиссиясы) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігі мәніне сараптамалық қорытынды береді және тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ. Сарапшылардың (сараптау комиссиясының) қорытындысын, егер ол тендерлік құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалған болса ғана оны тендерлік комиссия міндетті түрде ескереді. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшылар (сараптау комиссиясының мүшелері) қол қояды және тендердің қорытындылары туралы хаттамаға қоса беріледі.

Сарапшы сараптау комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда, осындай сарапшы жазбаша түрде ерекше пікір білдіреді, ол сараптау комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

34. Тапсырыс беруші анықтаған немесе Тапсырыс беруші үшін Сатып алуды ұйымдастырушы анықтаған жағдайда, ашық тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жүргізу, тендер комиссиясының, қажет болған жағдайда сараптау комиссиясының құрамын (сарапшыны) бекіту, тендер комиссиясының хатшысын белгілеу, тендерлік құжаттаманы бекіту туралы шешім бірыңғай сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысының немесе олар уәкілеттік берген өзге тұлғаның бұйрығы түрінде ресімделеді.

Бұл орайда, тендерлік Тапсырыс берушімен келісіледі. Тендерлік комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің өкілі міндетті түрде енгізіледі.

35. Кез келген мүдделі тұлғаның конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырыстарына қатысуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тендерлік комиссияның отырыстарын аудио және бейнежазуға рұқсат етіледі.

Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғалардың тендерлік комиссияның конверттерді ашу жөніндегі отырысына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

### **Тендерлік құжаттама**

36. Тендерлік құжаттамада мынадай мәліметтер:

1) Тапсырыс берушінің және (немесе) сатып алуды ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;

2) белгіленген тәртіпте бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы/белгіленген тәртіпте бекітілген қажетті бөлім жобалау-сметалық құжаттаманы, техникалық өзіндік ерекшеліктерін қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаттамасы мен талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, ал қажет болғанда - нормативтік техникалық құжаттаманы көрсету.

Егер техникалық ерекшелікте Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген техникалық шарттарға, стандарттарға және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сілтеме көрсетілген жағдайда, онда Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы осы құжаттарды тендерлік құжаттамаға енгізуге немесе әлеуетті өнім берушілердің сұрауы бойынша 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде оларды электрондық түрде немесе қағаз тасығышта беруге тиіс.

Лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатуып алуды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерінде дайындаған зауыттардың хаттары көшірмелерінің, техникалық паспорттарының, өнімнің сәйкестік сертификатының болуы туралы талабына жол берілмейді.

3) жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде оларды жүзеге асыру үшін бөлінген сома тендер (лот) бойынша ҚҚС есептемегенде 75 миллион теңгеден асса, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада әр жылы әрбір акт бойынша көлемі кемінде 75 миллион теңгені құрайтын орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті актілердің түпнұсқаларымен немесе нотариаттық куәландырылған көшірмелерімен расталған сатып алынатын бір текті жұмыстарды, қызметтерді немесе белгілі бір саланы сатып алу алдындағы соңғы 5 (бес) жыл ішінде әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуын көздейтін біліктілік талаптарын белгілеуі мүмкін. Бұл ретте 5 (бес) жылдан асатын жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап белгілеуге жол берілмейді;

3-1) Жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде оларды жүзеге асыру үшін бөлінген сома тендер (лот) бойынша ҚҚС есептемегенде 75 миллион теңгеден асса, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада әр жылы әрбір акт бойынша көлемі кемінде 75 миллион теңгені құрайтын орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті актілердің түпнұсқаларымен немесе нотариаттық куәландырылған көшірмелерімен расталған сатып алынатын бір текті жұмыстарды, қызметтерді немесе белгілі бір саланы сатып алу алдындағы соңғы 5 (бес) жыл ішінде әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуын көздейтін біліктілік талаптарын белгілеуі мүмкін. Бұл ретте, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада құрылыстың берілген шарттары бойынша төлеуді растайтын құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелерімен расталған түпнұсқаларын әлеуетті өнім берушімен беру туралы талаптар белгіленуі мүмкін;

Мамандарда 5 (бес) жылдан асатын жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап белгілеуге жол берілмейді. Осы тармақшаның талаптары құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде ғана қолданылады;

4) жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушілерде Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы белгілеген және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттардың болуымен, оның ішінде дипломдардың, сертификаттардың, куәліктердің және мамандардың кәсіптік біліктілігін және олардың жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да құжаттардың тиісті нотариалдық куәландырылған көшірмелерінің болуымен расталған сатып алу мәніне сәйкес келетін салада жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандардың болуы туралы талаптар белгілеуі мүмкін. Бұл ретте мамандарда 5 (бес) жылдан асатын жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап белгілеуге жол берілмейді;

5) Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілерінде орындалуға тиіс жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге және олар жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін тартатын мамандарға Тапсырыс беруші белгілеген және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттардың және (немесе) құжаттардың талаптарына сәйкес арнайы талаптар белгіленеді;

6) өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, қызметтердің көлемі;

7) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету орны және талабы;

8) тауарды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімі (кестесі), ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтерді көрсетудің сапасына кепілдік беру;

9) төлем жасау шарттары және елеулі шарттары көрсетіле отырып, сатып алу туралы шарттың жобасы;

10) бағалаудың барлық өлшемдерінің сипаттамасы және бағаны шартты түрде төмендетуге немесе ұлғайтуға ықпал ететін тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін салыстыру;

11) әлеуетті өнім берушіні Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері тізбесіне енгізу жағдайлары туралы ақпарат;

12) баға ұсынысының мазмұнына қойылатын талаптар:

әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысында тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді тасымалдауға және сақтандыруға шығыстар, кедендік баждарды, басқа да салықтарды, алымдарды төлеу, сондай-ақ тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету талаптарында көзделген өзге де шығыстарды қамтылған, ҚҚС есептемегенде, олардың бірлігіне баға, сондай-ақ жалпы бағасы көрсетілуі қажет;

әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы тендерлік құжаттамада белгіленген, Тапсырыс берушінің шарттарында ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жалпы/жиынтық бағасына жеңілдікті, сондай-ақ баламалы шарттар ескеріле отырып ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жалпы/жиынтық бағасына жеңілдікті қамтуы мүмкін.

Әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушінің шарттарында тендерлік құжаттамада белгіленген жеңілдікті және (немесе) баламалы шарттар кезіндегі жеңілдікті ұсынған жағдайда баға ұсынысы көрсетілген жеңілдіктер ескерілген жалпы/жиынтық бағаны қамтуға тиіс;

13) тиісті тендердің (лоттың) атауын және Қағиданың осы тармағының 12) тармақшасында жазылған талаптарға сәйкес келетін атауды көрсете отырып, тендер (лот) бойынша бағаны төмендетуге бір қосымша баға ұсынысын беру мүмкіндігі туралы әлеуетті өнім берушінің құқығын көрсету. Бағаны төмендетуге қосымша баға ұсынысы тендерге қатысуға арналған барлық өтінімдердің мазмұны жарияланғаннан және тендер комиссиясы төрағасының тиісті хабарламасынан кейін болуы мүмкін. Қосымша баға ұсыныстары хатқалталарға салынады. Осы ұсыныстарды беру мерзімдері өткеннен кейін тендерлік комиссия хатшысы қосымша баға ұсыныстары бар хатқалталарды ашады және бағаларды оқиды.

Егер әлеуетті өнім берушінің бағасын төмендетуге арналған қосымша баға ұсынысы оның тендерге қатысуға арналған өтінімнің құрамында ұсынылған баға ұсынысынан жоғары болса, онда тендерлік комиссия осы қосымша баға ұсынысын ескермейді.

Электрондық сатып алулар үшін осы тармақшада көрсетілген талаптар электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттармен реттеледі.

14) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы көрсетілетін валюта немесе валюталар және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің баға ұсынысын бірыңғай валютаға сәйкес келтіру үшін қолданылатын бағамы;

15) әлеуетті өнім берушілер өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірге орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемі (егер тендерлік құжаттамада жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерді (бірге орындаушыларды) тартуға әлеуетті өнім берушінің құқығы көзделген жағдайда);

Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірге орындаушыларға) қосалқы мердігерлікке (бірге орындауға) жиынтықта жұмыстардың (құрылыс құны), қызметтердің үштен екі бөлігінен көбін беруіне жол бермейді.

16) тендерге қатысуға өтінімдер жасалатын және табыс етілетін тілге қойылатын талаптар;

17) тендерге қатысуға өтінімді енгізудің талаптары, қамтамасыз етудің мазмұны мен түрлері (егер тендерлік құжаттамада тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді көзделетін жағдайда).

Тендерге қатысуға арналған өтінімнің енгізілген қамтамасыз ету сомасының тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігінің есебі төлемді аудару, банк кепілдігін немесе Тапсырыс беруші белгілеген өзге де қамтамасыз етуді беру күнінде белгіленген Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамына сәйкес анықталады.

18) әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өз өтінімін оны берудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына тиісті сілтеме жасау;

19) тендерге қатысуға өтінім салынған конвертті табыс етудің тәртібі, тәсілі, орны мен соңғы мерзімі және тендерге қатысуға өтінімнің қолданыста болуының талап етілетін мерзімі;

20) тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесулер өткізу талабы (егер тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен кездесулер өткізу көзделген жағдайда), сондай-ақ әлеуетті өнім берушілер олардың көмегімен тендерлік құжаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер сұрата алатын тәсілдер;

21) тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу орны, күні және уақыты;

22) тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу, тендерге қатысуға өтінімдерді қарау, тендерге қатысуға өтінімдерді бағалау мен салыстыру рәсімдерінің сипаттамасы;

23) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің талаптары, түрлері, көлемі (сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын) (сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызынан аспайтын ұзақ мерзімді сатып алуды жүзеге асыру кезінде) және оны енгізудің тәсілі (егер тендерлік құжаттамада сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуді көзделетін жағдайда);

24) тендер тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын, ҚҚС-ны есептемегенде, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға бөлінген сома туралы мәліметтер;

25) жариялануға жататын ақпаратты орналастыру жоспарланған веб-сайттың электрондық мекенжайы;

26) тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі мен мерзімі;

27) тендер қорытындылары бойынша сатып алу туралы шарт жасасудың тәртібі;

28) әлеуетті өнім берушілердің өткізілген сатып алуға байланысты құқықтары бұзылған жағдайда, өтініш жасау үшін электрондық поchtаның мекенжайы және телефондардың нөмірлері қамтылуға тиіс.

Тауарлық белгілерге, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауына, патенттерге, пайдалы модельге, өнеркәсіп үлгілеріне, тауарды шығарған орынның атауына және өндірушінің атауына нұсқамалардың мазмұны, сондай-ақ жеке әлеуетті өнім берушіге не өндірушіге сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің қажеттілігін анықтайтын өзге сипаттамалар көрсетілмейді, мынадай сатып алу жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда:

1) толық құрастыруға, жаңғыртуға, толық жарақтандыруға арналған, сондай-ақ одан арғы техникалық сүйемелдеуге, сервистік қызмет көрсетуге және жөндеуге, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықтарды жоспарлы жөндеуге арналған тауарлар, жұмыстар және қызметтер;

2) мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаға сәйкес тауарларды сатып алу.

Тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге өткізілетін сатып алудың талаптары туралы неғұрлым толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін басқа да қосымша мәліметтер қамтылуы мүмкін.

37. Тендерлік құжаттамада тендерге қатысуға тек мүгедектер ұйымы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер - жеке тұлғалар) ғана жіберілетіні қарастырылуы мүмкін.

38. Тендерлік құжаттамада бағаны шартты түрде төмендетуге ықпал ететін тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін бағалау мен салыстырудың мынадай міндетті өлшемдері көзделеді:

1) әлеуетті өнім мүгедектер ұйымы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер - жеке тұлғалар) болып табылса (бағаны 5%-ға шартты түрде төмендету);

2) әлеуетті өнім берушіде берілген тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтердің қабылдау - берілуін растайтын зат құжаттарының, тиісті актілерінің тиісті түпнұсқасымен немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелерімен расталған соңғы 10 жыл ішінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтердің бір текті нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы (әрбір 1 жылғы жұмыс тәжірибесі үшін бағаны 0,5%-ға, бірақ 5%-дан аспайтын шартты түрде төмендету).

Тендерлік құжаттамада Ереженің 36 тармағының 3) және 3-1) тармақшаларымен қарастырылған талаптар болғанда осы өлшемдер қолданылмайды;

3) өткізілетін сатып алудың тиісті мәніне мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес менеджмент жүйесі сертификатының нотариалдық куәландырылған көшірмесімен немесе сертификатты берген ұйым куәландырған көшірмемен расталған менеджменттің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) әлеуетті өнім берушіде болуы (бағаны 1%-ға шартты түрде төмендету);

4) әлеуетті өнім берушіде сатып алынатын жұмыстарды орындау үшін қажетті меншігінде тиісті нотариалдық куәландырылған құжаттардың көшірмесімен расталған (техникалық паспорт, шот фактура, меншік құқығын растайтын басқа құжаттар) мүлік, техника, жабдықтар мен материалдар өндірісі тораптары болған кезде келесі бағаны шартты түрде төмендету беріледі:

Жабдықтар, құрылыс машиналары, мехнизмдер атауы	Ең аз саны (бірлік)	бағаны шартты түрде төмендету
Объектінің құрылыс	Кем дегенде 1	1% (бір пайызға);



өңірінде өндірістік базаның болуы	бір.	
Бетон өндірісі бойынша тораптың болуы	Кем дегенде 1 бір.	0,25% (нөл бүтін жүзден жиырма бес пайызға);
Ерітінді өндірісі бойынша тораптың болуы	Кем дегенде 1 бір.	0,25% (нөл бүтін жүзден жиырма бес пайызға);
Сағатына кем дегенде 50 м бетон сорабы өнімділігінің болуы	Кем дегенде 1 бір.	0,25% (нөл бүтін жүзден жиырма бес пайызға);
Кем дегенде 16 тонна жүк көтеретін жүк көтергіш крандардың болуы	Кем дегенде 3 бір.	0,25% (нөл бүтін жүзден жиырма бес пайызға);
<b>ЖИЫНЫ</b>		<b>2%</b>

5) Құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде: әлеуетті өнім берушіде біртектес жұмыстарды сатып алу нарығындағы әлеуетті өнім берушінің жұмыс өтілінің болуы тиіс (сонымен қатар жұмыс өтіліне аталған тендерде құрылыс құны сатып алынатын жұмыстардың жалпы құнының 15 % (он бес пайызынан) кем емес бөлігін құрайтын объектілерді салу жатқызылады) – кез келген объект үшін бағаның шартты төмендеуі 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз), олар тиісті нотариалдық куәландырылған шарттың көшірмелерімен расталады және орындалған жұмыстардың актілерімен немесе КС-3 шарттары мен анықтамаларын немесе орындалған жұмыстардың құны мен нақтылығын растайтын мемлекеттік қабылдау комиссиясының актілерімен расталады.

Осы тармақшаның талаптары құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде қолданылады.

Әлеуетті өнім беруші бағаны шартты түрде төмендетуге әсер ететін өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тендер комиссиясы осындай әлеуетті өнім берушіге шартты жеңілдікті қолданбайды, бұл ретте бағаны шартты түрде төмендетуге әсер ететін өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбау осындай өтінімді қабылдамаудың негіздемесі болып табылмайды.

Консорциум тендеріне әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға арналған өтінімдерін бағаны шартты түрде төмендетуге әсер ететін міндетті баға өлшемдері мен салыстырулар қатысқан жағдайда тендер комиссиясы консорциумға қатысушылардың консорциялық келісімімен анықталған оның басты қатысушысына ғана қолданады.

39. Тендерлік құжаттамада тендерге қатысушы тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді, өзінің:

1) тендерге қатысуға өзінің өтінімін өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін кері қайтарып алмайтындығының не өзгертпейтіндігінің;

2) оны тендердің жеңімпазы деп таныған жағдайда, тендердің қорытындылары туралы хаттамада белгіленген мерзімде Тапсырыс берушімен шартты жасасатындығының және егер сатып алу шарттарында осындай қамтамасыз ету көзделген жағдайда авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді және (немесе) сатып алу туралы қасмтамасыз етуді енгізетіндігін кепілі ретінде банк кепілдігі түрінде немесе тапсырыс беруші анықтаған өзге де түрде енгізуі көзделуі мүмкін.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тендерлік құжаттамада анықталған, бірақ Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасында осы тауарды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін көрсетілген сомадан 1 (бір) пайыздан аспайтын мөлшерде енгізіледі.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімнің қолданылатын мерзімінен кем болмауы қажет.

Бұл ретте тендерге қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету қолданысы мерзімінің өтуі тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен басталады.

40. Әлеуетті өнім берушімен енгізілген, тендерге қатысу туралы өтінімді қамтамасыз ету төмендегі жағдайлардың бірі туындаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге қайтарылады:

1) Өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанға дейін тендерге қатысу туралы өз өтінімін аталған әлеуетті өнім беруші қайта шақыртып алған жағдайда;

2) Тендерлер қорытындысы туралы хаттамаға қол қойған жағдайда. Аталған жағдай жеңімпаз атанған әлеуетті өнім беруші мен бағалау есебінің қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды;

3) Сатып алу туралы шарттар күшіне енген жағдайда, тендер құжаттамасы бойынша сатып алу шартын орындау және (немесе) авансты (алдын ала төлемді) қайтарып беруді қамтамасыз ету тендер жеңімпазымен енгізілетін жағдайда;

4) Сатып алу туралы шарттар күшіне енген жағдайда, Ереженің 79 тармағымен қарастырылған жағдайларда салыстыру және бағалау нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тендер құжаттамасы бойынша сатып алу шартын орындау және (немесе) авансты (алдын ала төлемді) қайтарып беруді қамтамасыз етуді енгізген жағдайда;

41. Әлеуетті өнім берушімен енгізілген, тендерге қатысу туралы өтінімді қамтамасыз ету төмендегі жағдайлардың бірі туындаған жағдайда әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды:

1) Өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін тендерге қатысу туралы өз өтінімін аталған әлеуетті өнім беруші қайта шақыртып алған жағдайда;

2) Тендер бойынша жеңімпаз атаған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартқа отырудан бас тартқан жағдайда;

3) Сатып алу туралы шартқа отырған әлеуетті өнім беруші тендер құжаттамасымен белгіленген сатып алу шартын орындау және (немесе) авансты (алдын ала төлемді) қайтарып беруді қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптарды орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда;

4) Ереженің 79 тармағымен қарастырылған жағдайларда салыстыру және бағалау нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартқа отырудан бас тартқан жағдайда немесе сатып алу туралы шартқа отырғаннан кейін тендер құжаттамасымен белгіленген сатып алу шартын орындау және (немесе) авансты (алдын ала төлемді) қайтарып беруді қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптарды орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда;

42. Тендерге қатысу туралы өтінімді қамтамасыз ету мыналармен енгізілмейді:

1) Мүгедектер ұйымдарымен (кәсіпкерлік қызметті жүргізетін жеке тұлға-мүгедектермен);

2) *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды;*

3) Холдингке кіретін ұйымдармен.

Ереженің аталған тармағы консорциумдарға қолданылмайды.

### **Ашық тендер тәсілімен сатып алуды жүргізуді хабарлау**

43. Сатып алуды тапсырыс беруші/ұйымдастырушы ашық тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушімен өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын мыналарды орындауға міндетті:

1) Мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық тендер тәсілімен сатып алу жүргізу

туралы хабарлама мәтінін орналастыруға;

2) Сатып алуды тапсырыс беруші/ұйымдастырушы веб-порталында ашық тендер тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарлама мәтінін, сондай-ақ бекітілген тендерлік құжаттаманы орналастыруға;

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында және Сатып алуды тапсырыс беруші/ұйымдастырушы веб-порталында ашық тендер тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарлама орналастырылған күннен бастап тендер уақыты басталады.

44. Ашық тендер тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарламада мына мәліметтер көрсетіледі:

1) Тапсырыс беруші және (немесе) Сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, электрондық және пошталық адресі көрсетіледі;

2) Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің атауы;

3) Тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету және жұмыстарды орындаудың талап етілген көлемі, орны және мерзімі, атауы (Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы аталған ақпараттар тендерлік құжаттамада көрсетілгендігі туралы көрсетуге құқы бар);

4) Тендерлік құжаттама көшірмелерін алу орны мен тәсілдері;

5) Тендерге қатысу өтінімдерін беру орындары мен соңғы мерзімі, сондай-ақ тендерге қатысу өтінімдері бар конверттерді ашу күні, уақыты және орны. Бұл кезде тендерге қатысу өтінімдерін ұсынудың соңғы мерзімімен конверттерді ашу арасындағы уақыт аралығы 30 (отыз) минуттан аспауы тиіс.

Ашық тендер тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарламадағы бар мәлімет тендерлік құжаттамада көрсетілген мәліметтермен сәйкес келуі тиіс.

### **Тендерлік құжаттаманы ұсыну**

45. Тендерлік құжаттама Тапсырыс берушімен /Сатуды ұйымдастырушымен ашық тендер жүргізілетіндігі туралы хабарламада көрсетілген күннен бастап қағаз тасымалдағыш пен электрондық түрде әлеуетті өнім берушілерге ұсынылады. Тендерлік құжаттаманың электрондық нұсқасы тегін ұсынылады.

Тапсырыс беруші /Сатуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілерге тендерлік құжаттама көшірмесін тендерлік құжаттама көшірмесін ұсыну туралы өтініш білдірілген күні, олармен оның құны төленгеннен кейін, егер тендерлік құжаттамамен оны төлеу қарастырылған болса, ұсынылуы тиіс.

46. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында және Сатып алуды тапсырыс беруші/ұйымдастырушы веб-порталында ашық тендер тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарлама мәтінін орналастырғанға дейін тендерлік құжаттамаларды ұсынуға жол берілмейді.

### **Ашық тендерге қатысуға берілетін өтінімнің мазмұны, рәсімделуі және ұсынылуы**

47. Ашық тендерге қатысуға өтінім беру әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге келісімін білдіреді.

48. Ашық тендерге қатысуға берілетін өтінімде мыналар көрсетіледі:

1) Ашық тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушімен толтырылған және оның қолы қойылған өтінім;

2) Лицензиялаудың электрондық жүйесін пайдаланатын лицензияны беруші мемлекеттік органның ресми интернет көзінде (веб-сайтында) сілтемесі бар әлеуетті өнім

беруші лицензиясының нотариалдық куәландырылған көшірмесін немесе өтініш көшірмесін егер тендер талаптары бойынша міндетті түрде лицензиялау талап етілетін қызмет көрсетілген болса);

3) тендерлік құжаттамамен белгіленген талаптарға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктерін (техникалық тапсырмаларын);

4) сатып алуға қатысушы мәртебесінің сәйкестігі туралы құжатты (Ереженің 37 тармағында тізімі берілген қатысушылар арасында сатып алу жүргізу қарастырылған болса);

5) Ереженің 36 тармағының 3) -5) тармақшаларымен қарастырылған талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттар (егер тендерлік құжаттармен аталған талаптар қажет етілетін болса);

6) жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер тізімдері (қызметтерді көрсету кезіндегі қосалқы орындаушылар), тендерлік құжаттамалармен белгіленген жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемдерінен аспайтын қосалқы мердігерлерге (қосалқы орындаушыларға) берілетін жұмыстар мен қызметтер көлемі мен түрлері (егер тендерлік құжаттамамен қызметтерді немесе жұмыстарды орындау үшін әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (қосалқы орындаушыларды) тартуға құқы бар болса);

7) лицензияның нотариалдық расталған көшірмесі немесе қосалқы мердігермен жұмыстарды (қосалқы орындаушымен көрсетілетін қызметтер) орындауға лицензия берген, лицензия берудің электрондық жүйесін пайдаланушы мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне (веб-сайтына) жасалынған сілтемесі бар әлеуетті өнім беруші өтініші, егер әлеуетті өнім беруші тендерге міндетті түрде лицензиялануы тиіс қызмет түріне жататын қосалқы мердігерлерді (қосалқы орындаушыларды) тартатын болса;

8) тендер құжаттамасындағы енгізу талаптарына, мазмұны мен түріне сәйкес келетін ашық конкурсқа қатысуға өтінім беруді қамтамасыз ету енгізілгендігін растайтын құжаттың түпнұсқасы, бұл кезде ашық тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз ету сомасы тендерлік құжаттамамен белгіленген көлемнен төмен болмауы тиіс (егер тендерлік құжаттамамен ашық тендерге қатысуға берілетін өтінімді қамтамасыз етуді енгізу қарастырылған болса).

Тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз етудің әрекет ету мерзімі тендерге қатысу өтінімінің әрекет ету мерзімінен кем болмауы тиіс.

9) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының тағайындалуы (сайлануы) туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі (егер консорциум қатысатын болса, онда, консорциумға кіретін кез келген заңды тұлғаның бірінші басшысының тағайындалуы (сайлануы) туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі немесе консорциумға кіретін кез келген заңды тұлғаның консорциум туралы келісімге уәкілетті өкілінің қолын растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

10) Ереженің 38 тармағында көрсетілген өтінімді бағалау және салыстыруға қойылатын өлшемдерді растайтын құжат (егер өнім беруші бағаның шартты төмендетілуіне әсер ететін өлшемдердің қолданылуына үміткер болса);

Бұл кезде бағаның шартты төмендетілуіне әсер ететін өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбау аталған өтінімді қабылдаудан бас тартуға негіз болмайды.

11) Ереженің 36 тармағының 12) тармақшасында көрсетілген міндетті талаптарға сәйкес келуі тиіс нысан мен қамтуға әлеуетті өнім берушінің қолы қойылған баға ұсыныстары;

12) Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің нотариалдық расталған көшірмесі немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы анықтама немесе тіркеудің электрондық жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне ([www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz)) веб-сайтына) жасалынған сілтемесі бар әлеуетті өнім беруші өтініші, жеке тұлғалар үшін – кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеуден өткендігі туралы құжаттың нотариалдық расталған

көшірмесі, уақытша бірлескен заңды тұлғалар (консорциум) үшін - консорциум туралы келісім шарттың нотариалдық расталған көшірмесі және мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің нотариалдық расталған көшірмесі және консорциум қатысушыларын тіркеудің электрондық жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне ([www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz)) веб-сайтына) жасалынған сілтемесі бар әлеуетті өнім беруші өтініші;

13) құрылтайшылары туралы мәліметтері бар құжат: заңмен белгіленген тәртіп бойынша бекітілген жарғының нотариалдық расталған көшірмесі, тұрпаттық жарғы негізінде тіркеуден өткен заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның тіркеуден өткендігі туралы белгіленген нысандағы өтінішінің көшірмесі (егер консорциум қатысқан жағдайда әрбір заңды тұлғаның нотариалдық расталған жарғысының көшірмесі ұсынылады, тұрпаттық жарғы негізінде тіркеуден өткен заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаның тіркеуден өткендігі туралы белгіленген нысандағы өтінішінің көшірмесі), конвертті ашу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын алынған акцис ұстаушылары тізілімінен алынған үзіндінің нотариалдық расталған көшірмесі;

14) сатып алу шарттарын орындауға қамтамасыз етулерді енгізу талаптарымен, түрімен, көлемі мен тәсілімен әлеуетті өнім берушінің келісім бергендігі туралы өтініш;(егер тендерлік құжаттамамен сатып алу шарттарын орындауға қамтамасыз етулерді енгізу қарастырылған болса);

15) ұсынылатын қызметтерге, жұмыстарға, тауарларға берілген сапа кепілдігін растайтын құжат;

16) Холдингтің алақол өнім берушілері тізіміне әлеуетті өнім берушіні енгізу талаптарымен әлеуетті өнім берушінің танысқандығы туралы мәлімет;

17) әлеуетті өнім берушінің атынан тендерге қатысуға берілетін өтінімге, оның ішіндегі құжаттарға қол қоюға құқық беретін және бағаны төмендету үшін қосымша баға ұсыныстарын беруге құқық беретін тұлғаларға берілген сенімхаттарының түпнұсқалары немесе нотариалдық расталған көшірмесі, әлеуетті өнім берушінің жарғысы негізінде әлеуетті өнім беруші атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқы бар әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының құқығын растау қажет етілмейді.

Ашық тендерге қатысу өтінімі тендерлік құжаттамада көрсетілген тендерге қатысу өтінімінің құрастыру тілі мен ұсыну талаптарына сәйкес келуі тиіс, сондай-ақ ашық тендерге қатысу өтінімінің әрекет ету мерзімі тендерлік құжаттамамен белгіленген мерзімге сәйкес келуі немесе кем болмауы тиіс;

Әлеуетті өнім беруші – Қазақстан Республикасының бейрезиденті Ереженің осы тармағымен қарастырылған Қазақстан Республикасының резиденттері ұснатын құжаттарды немесе соған ұқсас мәліметтері бар құжаттарды ұсынады.

Электрондық сатып алуды іске асыру кезінде Ереженің осы тармағының 2), 4), 5), 7), 8), 9), 10), 12), 13), 16) тармақшаларымен қарастырылған құжаттар электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттармен қарастырылған тәртіпте беріледі.

49. Ашық тендерге қатысу өтінімі әлеуетті өнім берушімен тендерлік құжаттамада көрсетілген өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанша ашылмаған конвертте ұсынылады және ол тігілген, беттері немесе парақ саны нөмірленген, соңғы беті немесе парағы әлеуетті өнім берушінің мөрмен немесе қолымен расталады (жеке тұлға үшін, егер бар болса), оған Ереженің 57 тармағының 1) тармақшасымен белгіленген тәртіппен конверт ашатын тендерлік комиссияға ұсынылады бағаны төмендетудің қосымша баға ұсыныстары кірмейді.

Ашық тендерге қатысу өтінімінің техникалық ерекшелігі (тігілген, беттері немесе парақ саны нөмірленген, соңғы беті немесе парағы әлеуетті өнім берушінің мөрмен немесе қолымен расталады (жеке тұлға үшін, егер бар болса) және ашық тендерге қатысу өтінімінің қамтамасыз етуін енгізгендігін растайтын құжаттың түпнұсқасы жеке тіркеледі.

Тендерге қатысу өтінімі бар жабылған конверттің беткі бетінде әлеуетті өнім беруші мыналарды көрсетуі тиіс:

Әлеуетті өнім берушінің толық атауы және пошталық адресі;

Тендерлік құжаттамада көрсетілген ұқсас мәліметтерге сәйкес келетін Тапсырыс берушінің толық атауы және пошталық адресі;

Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға берілген өтінімінің қатысатын тендерінің (лотының) атауы.

Белгіленген мерзімнен кейін келген немесе тендерлік құжаттама талаптарымен белгіленген тәртіпке сай рәсімделмеген ашық тендерге қатысу өтінімі бар конверт ашылмайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

Осы тараптың талаптары электрондық сатып алуға қолданылмайды.

50. Тапсырыс беруші хронологиялық тәртіппен ашық тендерге қатысу өтінімін тіркеу журналына ашық тендерге қатысу өтінімі бар конверттерді тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін ұсынған әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметті енгізеді.

Тендерлік комиссия хатшысы Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушымен белгіленген мерзім ішіндегі әлеуетті өнім берушілермен ұсынылған тендерге қатысу өтінімдерін қабылдап алу сәтінен бастап, оларды беру сәтіне дейінгі кезең аралығында сақтауға жауап береді. Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысу өтінімдерін өкілеттілігі жоқ басқа тұлғалардың қол жетімді етпес үшін хатшыны оларды сақтауға қажетті шаралармен қамтамасыз етеді (хатшыға қолжетімді бөлмемен, сейфпен және басқа мүмкіндіктермен).

51. Әлеуетті өнім беруші ашық тендерге өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін мыналарға құқы бар:

1) ашық тендерге қатысу өтінімін өзгертуге және (немесе) енгізілген өтінімді толықтыруға;

2) ашық тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз ету үшін енгізілген сомасын қайтарып алу құқығын жоғалтпастан ашық тендерге қатысу өтінімін қайта шақыртып алуға.

Ашық тендерге қатысу өтінімін ашық тендерге қатысу өтінімі бар конверттерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін кері шақыртып алуға рұқсат етілмейді.

52. Әлеуетті өнім беруші ашық тендер тәсілімен сатып алуға қатысуымен баланысты өз шығындарын өзі көтереді. Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы (тендерлік комиссия, сараптама комиссиясы) ашық тендер тәсілімен сатып алу нәтижесіне қарамай аталған шығындардың орнын толтыруға жауап бермейді.

### **Ашық тендерге қатысу өтінімдері бар конверттерді ашу**

53. Тендерлік комиссия тендерлік құжаттамада көрсетілген күні, уақытта және орында ашық тендерге қатысу өтінімдері бар конверттерді ашады.

Ашық тендерге қатысу өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде тендерлік комиссия ашық тендерге қатысу өтінімдеріндегі құжаттар және материалдар тізімі туралы ақпараттарды хабарлайды.

54. Тендерлік комиссия отырысы басталғанға дейін тендерлік комиссия хатшысы ашық тендерге қатысу өтінімдері бар конверттерді ашу кезіндегі үдеріске қатысу кезіндегі әлеуетті өнім берушінің мүддесін ұсынуға құқы бар әлеуетті өнім берушілер өкілдерінің уәкілеттіктерінің ресми құжаттармен дұрыс ресімделгендігін тексереді.

55. Тендер құжаттары мен ашық тендер тәсілімен жүргізілетін сатып алулар туралы хабарламамен белгіленген мерзімде ұсынылған ашық тендерге қатысу өтінімдері бар конверттер ғана ашылады.

56. Ашық тендерге қатысу өтінімдері егер де ашық тендерге(лотқа) бір ғана өтінім

келген болса, оның тендерлік құжаттамалар талаптарына сәйкес келетіндігін тексеру үшін ашылады.

57. Конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссия отырысы мына кезектілікпен жүргізіледі:

1) Тендерлік комиссия төрағасы немесе төрағамен белгіленген тұлға:

Қатысушыларға мыналарды хабарлайды:

Тендерлік комиссия құрамы мен тендерлік комиссия хатшысы туралы хабарлайды:

Әлеуетті өнім берушілер сұранысының бар немесе жоқ екендігі туралы немесе тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізу туралы хабарлайды;

Тендерлік құжаттамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу себептері мен салдары бар немесе жоқ екендігі туралы хабарлайды;

Ашық тендерге қатысу өтінімдерін беру мерзімі ішінде өтінімдерін берген, ашық тендерге қатысу өтінімдерін тіркеу журналына тіркелген әлеуетті өнім берушілер туралы хабарлайды;

Аталған тендер бойынша өзге де ақпараттарды хабарлайды:

Ашық тендерге қатысу өтінімдері бар конверттерді ашады, өтінімдер бар құжаттар тізімі туралы хабарлайды, соның ішінде Ереженің 38 тармағында көрсетілген өтінімді бағалау және салыстыруға қойылатын өлшемдерді растайтындығы туралы, олардың қысқаша мазмұнын, сондай-ақ баға ұсыныстарында әлеуетті өнім берушімен айтылған бағалар мен жеңілдіктер (егер бар болса) туралы хабарлайды;

Тендерге қатысатын барлық өтінімдердің мазмұндарын хабарлағаннан кейін өтінімдері бар конверттерді ашу отырысына қатысып жатқан әлеуетті өнім берушіден немесе олардың уәкілетті өкілдерінен тендер (лот) бойынша бағаны төмендетудің қосымша баға ұсыныстары туралы сұрайды.

Тендер (лот) бойынша бағаны төмендетудің қосымша баға ұсыныстарын қабылдау төмендетудің қосымша баға ұсыныстарын қабылдау туралы хабарланған уақыттан бастап 10 (он) минуттан аспайды.

Қосымша баға ұсыныстары аузы жабылған конверттерде беріледі. Аталған ұсыныстарды беру мерзімі өткеннен кейін комиссия хатшысы қосымша баға ұсыныстары бар конвертті ашады және бағаларын оқиды.

Электрондық сатып алулар үшін бағаны төмендетуге қосымша баға ұсыныстарын қабылдау электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттармен реттеледі.

2) Әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдері баға мен жеңілдіктер жарияланғаннан кейін тиісті баға ұсыныстары бойынша басқа әлеуетті өнім берушілермен жарияланған баға мен жеңілдіктермен (егер бар болса) таныса алады және басқа әлеуетті өнім берушілермен жарияланған баға ұсыныстары мен бағаны төмендету ұсыныстарымен (егер бар болса) таныса алады.

3) Тендерлік комиссия хатшысы:

Ашық тендерге қатысатын өтінімдері бар конверттерді ашудың тиісті хаттамасын ресімдейді;

Әлеуетті өнім берушілер мен олардың уәкілетті өкілдеріне аталған тендерлік комиссия отырысының хаттамасының көшірмесін ала алатын уақыт мерзімін хабарлайды.

Әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдерінен тендерлік комиссия әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) риза еместігі туралы ескертулер мен шағымдарын сұрайды.

58. Ашық тендерге қатысатын өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына тендерлік комиссия құрамы мен оның хатшысының қолы қойылып, әрбір бетіне белгі қойылады.

59. Конверттерді ашу хаттамасының көшірмесі әлеуетті өнім берушілер мен оның

әукілетті өкілдеріне олардың берген сұраныстары бойынша сұраныс келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

60. Тендерлік комиссия отырысында көрсетілген күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс беруші және Сатып алуды ұйымдастырушы өз веб-сайты мен мемлекеттік сатып алу веб-сайтында қол қойылған хаттама мәтіні мен ашық тендерде қатысу өтінімдері бар конверттерді ашу туралы ақпаратты жариялайды.

60-1. Электрондық сатып алуды жүргізу кезінде осы Ереженің 53-60 тармақтарымен қарастырылған рәсімдер жүргізілмейді.

61. Ашық тендерге қатысатын өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасында мына ақпараттар көрсетіледі:

1) отырыстың өткізілетін орны, күні және орны;

2) тендерлік комиссия құрамы;

3) өтінімді ұсыну күні мен уақыты көрсетілген белгіленген мерзім ішінде өтінім ұсынылған әлеуетті өнім берушілердің толық атауы мен нақты адрестері көрсетіледі;

4) өтінім мазмұны туралы ақпарат, оның ішінде, Ереженің 38 тармағында көрсетілген өтінімді бағалау және салыстыруға қойылатын өлшемдерді растайтын құжаттар туралы, баға ұсыныстарында әлеуетті өнім берушімен жарияланған бағалар мен жеңілдіктер туралы және бағаны төмендетудің қосымша баға ұсыныстары (егер бар болса) туралы ақпараттар көрсетіледі;

5) өтінімдерді беру мерзімі аяқталған уақыттан кейін ұсынғаны үшін өтінімдері қайтарылып берген әлеуетті өнім берушілердің толық атауы мен нақты адрестері көрсетіледі;

6) Әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдерінен келіп түскен конверттерді ашатын тендерлік комиссия отырысы барысындағы олардың әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) риза еместігі туралы ескертулері мен шағымдары көрсетіледі.

Тендерге қатысатын өтінімдер жоқ болған жағдайда ашық тендерге қатысатын өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның хаттамасы ресімделмейді.

### **Ашық тендерге қатысу өтінімдерін қарастыру және ашық тендер қорытындыларын шығару**

62. Ашық тендерге қатысу өтінімі Ереженің 48 тармағының талаптарына сәйкес келетіндігін тендерлік комиссия қарап шығады. Ереженің 66 тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша шеттетілмеген өтінімдерге ашық тендер жеңімпазын таңдап алу мақсатында тендерлік комиссиямен салыстырылып, баға беріледі.

63. Өтінімдер ашық тендерге қатысатын өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын күн ішінде тендерлік комиссиямен қарастырылады. Күрделі техникалық ерекшеліктері мен сипаттамалары бар тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жүргізу кезінде өтінімдер ашық тендерге қатысатын өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде сараптамашыларды (сараптама комиссиясы) тарту арқылы тендерлік комиссиямен қарастырылады.

өнімді сынаумен байланысты бір немесе бірнеше лот бойынша қосымша қайта қарастырулар қажет етілетін болса, және ол тауарлардың өндірісі кезінде балама техникалық сипаттама мен (немесе) технологиялық шешімдерді әлеуетті өнім берушінің ұсынуына байланысты болатын болса, онда аталған лот (лоттар) бойынша өтінімдерді қарастыру мерзімі қосымша мерзімге ұзартылады, бірақ ол мерзім 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспауы тиіс. Бұл кезде қосымша қайта қарастыруды талап етпейтін бақа лоттар бойынша өтінімдерді қарастыру тендерлік комиссиямен осы тармақтың бірінші азат жолымен белгіленген мерзімде жүргізіле береді.

64. Өтінімдерді қарастыру кезінде тендерлік комиссияның құқы бар:



1) әлеуетті өнім берушілерден өтінімді қарастыру, бағалау және салыстыруға қатысты материалдар мен түсініктемелерді сұрастыруға (ереженің 38 тармағымен қарастырылған бағаны төмендету талаптарына әсер ететін баға ұсыныстарын (жеңілдіктерді), техникалық ерекшеліктерін және өлшемдерін растайтын құжаттарды қоспағанда);

2) өтінімдегі мәліметтердің растығына көз жеткізу мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпараттарды сұратуға;

Бұл кезде өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтыру, құжаттарды ауыстыру және тиісінше ресімделмеген құжаттарды қалыпқа келтіру сияқты айтылған Ереженің 48 тармағының талаптарына сәйкес ашық тендерге қатысатын өтінімдерді қалпына келтіретін әрекеттер мен сұраныстарды салуға тендерлік комиссиясының құқы жоқ.

65. Өтінімді формалды негіздемелер бойынша тендерден қатысудан алып тастауға жол берілмейді.

Формалды негіздемелерге Ереженің 66 тармағында көрсетілмеген жағдайлар жатқызылады.

66. Тендерлік комиссия мына жағдайларда өтінімді қабылдаудан бас тартады:

1) тендерге қатысатын өтінімді Ереженің 48 тармағымен қарастырылған талаптарға сәйкес келмегендігі үшін, әлеуетті өнім беруші тауарларды жеткізу мен қызметтер мен жұмыстарды орындаудың, сондай-ақ сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтердің ең жақсы ерекшеліктерінің ең жақсы талаптарын ұсынып, олар техникалық ерекшеліктеріне сәйкес келмеген жағдайлардан басқа жағдайлар;

2) егер әлеуетті өнім беріші аталған тендерге (лотқа) қатысу үшін өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің аффирленген тұлғасы болып табылатын болса;

3) әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстары сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кеткен жағдайларда;

4) әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстары тендерлік комиссиямен демпингті деп танылған жағдайда;

5) әлеуетті өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері (қосалқы орындаушысы) немесе консорциумға кіретін заңды тұлғасы Холдингтің және (немесе) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың алақол қатысушылары деп танылған сенімсіз өнім берушілері қатарына жатқызылатын болса;

Аталған негіздемелер Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тендерге қатыстыруға жібермеуге жеткілікті дәлел бола алады.

67. Баға ұсыныстары, сонымен қатар, қосымша бағаны төмендету ұсыныстары мына жағдайларда демпингті деп танылады:

1) сметалық, жоба алдыңғы, жоба (жобалау-сметалық) құжаттамалары бар құрылыс-монтаждау жұмыстарының баға ұсыныстары, белгілі бір тәртіппен бекітілген жобалау, зерттеу жұмыстары демпингті деп танылады, егер олар ҚҚС-сыз, сатып алу жоспарындағы сатып алулар үшін қарастырылған сомадан 15 (он бес) пайызға төмен болатын болса;

2) Кеңес беру (консалтингтік) қызметтерінің баға ұсыныстары демпингті деп танылады, егер ол ҚҚС-сыз, сатып алу жоспарындағы сатып алулар үшін қарастырылған сомадан аспайтын барлық баға ұсыныстары ішіндегі орташа арифметикалық бағаның 70 (жетпіс) пайызынан төмен болса;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген жұмыстардың баға ұсыныстары және осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілмеген қызметтердің баға ұсыныстары демпингті деп танылады, егер ол ҚҚС-сыз, сатып алу жоспарындағы сатып алулар үшін қарастырылған сомадан аспайтын барлық баға ұсыныстары ішіндегі орташа арифметикалық бағаның 30 (отыз) пайызынан төмен болса;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жобалау, іздестіру жұмыстары және инжинирингтік (техникалық қадағалауды) көрсетілетін қызметтердің баға

ұсынысы, егер ҚҚС-ны есепке алмай сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомадан он пайыздан астам төмен болса, демпингті деп танылады.

Осы тармақтың ережелері әлеуетті өнім берушімен ұсынылған тендерлік құжаттамамен белгіленген Тапсырыс беруші талаптарымен ұсынылған жеңілдіктерді есепке ала отырып жалпы/жиынтық бағаға қолданылады, сондай-ақ балама (егер тендерлік комиссиямен балама талаптар қабылданған болса) талаптар ұсыну кезіндегі әлеуетті өнім берушімен ұсынылған ұсыныстарын есепке ала отырып, жалпы/жиынтық бағаға қолданылады.

68. Қабылданған өтінімдер тендерлік құжаттамадағы негіздемелерге сәйкес бағаны төмендету туралы әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстарын (егер бар болса) есепке ала отырып, тендерлі комиссиямен салыстырылып, баға беріледі. Бұл кезде әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстарының жалпы /жиынтық бағасына баға беріледі.

Ашық тендер жеңімпазы тендер құжаттамаларының ішіндегі қолданылатын өлшемдерді есепке ала отырып, ең төмен шартты баға негізінде белгіленеді.

Бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тендер құжаттамаларының ішіндегі қолданылатын өлшемдерді есепке ала отырып, ең төмен шартты бағадан кейінгі баға негізінде белгіленеді.

Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең түсіп жатқандар арасында сатып алынатын жұмыстар, қызметтердің отандық өнім беруші жоқ болған жағдайда, ашық тендер нысаны болып отырған сатып алынатын жұмыстар, қызметтер саласындағы тәжірибесі мол өндіруші әлеуетті өнім беруші жеңімпаз (бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушілер) деп танылады.

Тендерлік баға ұсыныстары ішіндегі шартты бағалары тең түсіп және олар көрсететін қызметтер мен жұмыстар саласындағы тәжірибесі мол (бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушілер) өндірушілер болатын болса (немесе әлеуетті өнім берушімен ұсынылған құжаттар арқылы олардың тәжірибелерін анықтау мүмкін емес болса) тендерге қатысуға бұрын өтінім білдірген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

69. Ашық тендер нәтижелері хаттамамен ресімделеді. Ашық тендер нәтижелері туралы хаттама тендерлік комиссиясы мен оның хатшысының қолы қойылып, әр парағына олар қолдарымен растайды.

Тендерге қатысатын өтінімдер болмаған жағдайда ашық тендер нәтижелері туралы хаттама ашық хаттамасын құрастыру және жариялаумен қарастырылған мерзім ішінде құрастырылып, жарияланады.

70. Ашық тендер нәтижелері туралы хаттамада мына ақпараттар көрсетіледі:

- 1) Нәтижелерін жүргізу орны мен уақыты;
- 2) Ашық тендерге қатысатын әлеуетті өнім берушілермен жіберілген өтінімдер;
- 3) ҚҚС-сы қосылмаған, сатып алу жоспарында қарастырылған сатып алуға бөлінген сома;
- 4) Бағаны шартты төмендетуге әсер ететін өлшемдерді қабылдамау немесе қолданбау негіздемелерін көрсету арқылы өтінімдерді қабылдамау;
- 5) Өтінімдері тендерге қатысатын әлеуетті өнім берушілер туралы;
- 6) Бағалау және салыстыру өлшемдерін қолдану нәтижелері;
- 7) Ашық тендер нәтижелері туралы;
- 8) Ашық тендер өткен кезіндегі, сатып алу шарттарына отыру мерзімі мен сомасы туралы;
- 9) Екінші орын алған әлеуетті өнім берушілер туралы;
- 10) Мемлекетті орган мен жеке және заңды тұлғаларға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерге жіберілген Ереженің 64 тармағына сәйкес сұраныстары туралы мәлімет;
- 11) Тендерлік комиссия қарастыруы бойынша өзге де ақпараттар;

71. Ашық тендер тендерлік комиссиямен мына жағдайларда өткізілді деп саналады:

- 1) Кем дегенде екі әлеуетті өнім берушінің өтінімдері келіп түскен жағдайда;
- 2) Ереженің 66 тармағына сәйкес тендерлік комиссиямен жүргізілген тексерулер нәтижесінде тендерге қатысатын екі ғана әлеуетті өнім берушінің өтінімі қалған болса;
- 3) Жеңімпаз және әлеуетті өнім беруші сатып алу шартына отырудан бас тартқан жағдайда;

- 4) Екінші орын алған тендер жеңімпазымен және әлеуетті өнім берушімен қамтамасыз ету авансын (алдын ала төлемді) төлемеген және (немесе) Ереженің 74,76,82 тармақтарына сәйкес шартты орындауды қамтамасыз етулерін төлемеген жағдайда.

72. Тендер тәсілімен сатып алу жүргізілмеді деп танылатын болса, онда тапсырыс беруші мына шешімдердің бірін қабылдай алады:

- 1) Тендер тәсілімен қайтадан сатып алуларды жүргізуге;
- 2) Тендерлік құжаттамаларды өзгертіп, тендер тәсілімен қайта сатып алуларды жүргізуге;
- 3) Бір дерек көзінен сатып алуларды жүргізуге.

Осы Ереженің 3) тармақшасымен қарастырылған сатып алу нәтижесі бойынша шешім және Ереженің 71 тармақтың 1) және 2) тармақшаларымен қарастырылған негіздемелер бойынша жүргізілмеді деп тану туралы шешіс ашық тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі күні 15 (он бес) жұмыс күніне дейін Тапсырыс берушімен қабылданады.

Ереженің 1( және 3) тармақшаларының ережелері бойынша отандық тауар өндірушілерінен тауарларды ұзақ мерзімге сатып алуға қатысты жағдайлар ұзақ мерзімді сатып алуларды жүргізу тәртіптерімен белгіленетін Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес қолданылады.

73. Тапсырыс беруші/Сатып алуларды ұйымдастырушы ашық тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей:

- 1) Жеңімпазға хабарлама жібереді;
- 2) Тапсырыс беруші/Сатып алуларды ұйымдастырушы веб-сайтында ашық тендер нәтижелері туралы хаттаманы орналастырады;
- 3) Мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық тендер нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады.

Осы тармақтың талаптары электрондық сатып алуларға қолданылмайды.

73-1. Ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алу жеңімпазы деп танылған Әлеуетті өнім беруші қорытындылар туралы хаттама жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Тапсырыс берушіге электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттарға сәйкес салыстыру рәсімдерін жүргізуге ашық тендерге қатысуға өтініммен бірге берілген құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелерді беруге міндетті.

74. Егер сатып алу шартымен тендер жеңімпазымен қамтамасыз ету авансы (алдын ала төлемді) және (немесе) шартты орындауды қамтамасыз етулерін төлеу қажет етілетін болса, онда тендер жеңімпазы шартқа отырған күннен бастап, 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде қамтамасыз ету авансын (алдын ала төлемді) және (немесе) шартты орындауды қамтамасыз етулерін қайтаруды ұсынады.

75. Тапсырыс беруші жеңімпазбен Өзімен белгіленген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде авансты (алдын ала төлемді) төлейді.

76. Егер ұзақ мерзімге сатып алу шартымен тендер жеңімпазымен аванс (алдын ала төлемді) және (немесе) шартты орындауды қамтамасыз етулерін төлеу қажет етілетін болса, онда тендер жеңімпазы ұзақ мерзімге сатып алу шартына отырған күннен бастап, 20

(жиырма) күнтізбелік күн ішінде қамтамасыз ету авансын (алдын ала төлемді) және (немесе) шартты орындауды қамтамасыз етулерін қайтаруды ұсынады.

Жұмыстарды ұзақ мерзімге сатып алу шартын орындауды қамтамасыз ету ұзақ мерзімді шарттың қолданылу мерзімінің барлығы кезеңіне ұсынылады.

Тауарларды және қызметтерді ұзақ мерзімге сатып алу шартын орындауды қамтамасыз ету тиісті жылдарға сәйкес ұсынылады.

Авансты (алдын ала төлемді) қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тиісті жылға арналған ұзақ мерзімге сатып алу шарты бойынша аванстық (алдын ала төлемдерді) төлемдерді толығымен өтегенге дейін болуы тиіс. Тендердің жеңімпазы келесі 12 (он екі) айға ұзақ мерзімді сатып алуларды жүргізу тәртіптерімен белгіленетін Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес көлемдерді қайта бөлу нәтижелері бойынша қосымша келісімшарттарға қол қойған күннен бастап немесе жаңа жылдың 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде авансты (алдын ала төлемдерді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынады.

Бұл кезде Тапсырыс беруші жеңімпазбен авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде авансты (алдын ала төлемді) төлейді.

77. Тапсырыс берушіге авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну туралы талаптары мыналарға таратылмайды:

1) Холдинг компания тобына жататын ұйымдарға;

2) егер сатып алу нысаны сақтандыру, электр энергиясы немесе жанар-жағар майлары қызметтерін сатып алу болатын болса Тапсырыс беруші шешімі бойынша);

3) мүгедектер ұйымдарына (кәсіпкерлік қызмет жүргізетін жеке тұлға-мүгедектерге).

78. Егер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну мен (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз ету өз уақытында берілмейтін болса, онда Тапсырыс беруші бір тараптық тәртіппен сатып алу шартын бұзады, әлеуетті өнім берушімен енгізілген өтінімді қамтамасыз ету ұсталынып қалады және тендерлік комиссия тендер жеңімпазы болған және бағалау мен салыстыру нәтижесі бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні белгілейді.

Сатып алу шартын орындауды қамтамасыз етуді енгізу мерзімі аяқталғанша сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін әлеуетті өнім беруші толығымен және тиісінше орындаған жағдайлар жатпайды.

79. Егер тендердің жеңімпазы тендер нәтижелері туралы хаттамамен белгіленген мерзім ішінде Тапсырыс берушіге сатып алу шартын ұсынбаған болса, онда Тапсырыс берушімен әлеуетті өнім берушімен енгізілген өтінімді қамтамасыз ету ұсталынып қалады және тендерлік комиссия жеңімпазбен сатып алу шартына отыру үшін белгіленген мерзім аяқталғанша немесе жеңімпазбен сатып алу шартына отырудан бас тарту туралы жазбаша хатын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өздерімен тендерге қатысу өтінімімен ұсынылған баға мен талаптар бойынша бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша жеңімпаз атанған және екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні белгілейді.

Тендерлік комиссиямен баға мен талаптар бойынша бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша жеңімпаз атанған әлеуетті өнім берушіні белгілеу туралы шешімге қол қойғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша жеңімпаз атанған әлеуетті өнім берушіге сатып алу шартына отыру туралы хабарламаны жібереді. Бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушіден хабарламаны алғаннан кейін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде сатып алу туралы шартқа қол қоюға міндетті. Өнім беруші сатып алу шартына қол қойудан бас тартқан жағдайда немесе сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаған жағдайда, бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші қайта таңдалынып алынады.

Егер тендердің жеңімпазы Компанияның Сатып алу ережесінің 73-1 тармағымен

көзделген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ ол ашық тендерге қатысуға өтініммен бірге ұсынған құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелері сәйкес келмеген жағдайда Тапсырыс беруші әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімнің қамтамасыз етуі ұстап қалады және тендерлік комиссия құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелері ұсыну үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ашық тендер жеңімпазын тендерге қатысуға арналған өтінімдегі баға бойынша және олар ұсынған жағдайларда бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп айқындайды.

80. Шарт талаптарын орындау барысында сатып алу шарты өнім беруші кінәсінен бұзылған болса, онда Тапсырыс беруші бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге онымен белгіленген баға бойынша сатып алу шартына отыру туралы ниет білдіретіндігі туралы хабарлама жібереді, шартқа отыру кезінде тендерге қатысу өтінімінде көрсетілген бағадан аспайтын баға бойынша, өнім берушімен орындалған міндеттемелер мен Тапсырыс берушімен төленген міндеттемелері қоса есептелінетін болады. Егер салыстыру және бағалау қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші хабарламаға жауап бермесе, онда Тапсырыс беруші хабарлама жолданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өткеннен кейін Қағидаларға сәйкес сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

81. Тендерлік комиссияның салыстыру және бағалау қорытындысы бойынша екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушіні тендер жеңімпазы деп белгілеу туралы шешімі сатып алу туралы шарттың сомасы мен аяқталу мерзімі көрсетіліп, салыстыру және бағалау қорытындысы бойынша екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушіні тендер жеңімпазын белгілеу туралы хаттамамен ресімделеді. Тапсырыс беруші хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей:

- 1) жеңімпазға хабарлама жібереді;
- 2) ашық тендер қорытындылары туралы хаттаманы Тапсырыс берушінің және сатып алуды ұйымдастырушының веб-сайтында орналастырады;
- 3) ашық тендер қорытындысы туралы ақпаратты мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырады.

Осы тармақтың талаптары электрондық сатып алуларға қолданылмайды.

82. Сатып алу туралы шартта тендер жеңімпазы Ережелердің 81-тармағына сәйкес анықталған авансты (алдын ала төлемді) төлегені көзделген жағдайда сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынуы тиіс.

83. Авансты (алдын ала төлемді) және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды қамтамасыз етуді енгізбеген өнім беруші туралы мәліметті Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен Тапсырыс беруші әлеуетті өнім беруші Тапсырыс беруші белгілеген шарт бойынша аванстан (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайға байланысты шарт бойынша төлем талаптарын өзгерткен жағдайды қоспағанда, Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілер) тізбесіне осындай өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін жібереді.

Электрондық сатып алуды жүргізу кезінде ашық тендер жеңімпазы ашық тендерге қатысуға өтінім құрамында оған берілген құжаттардың түпнұсқасын және/немесе нотариалдық расталған көшірмелерін ұсынбағанда, сондай-ақ құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелерінің арасында сәйкессіздік анықталған кезде шарт жасаудан бас тартқан болып танылады және Тапсырыс беруші осы ақпаратты Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері тізбесінде осындай өнім берушілер туралы мәліметтерді ендіру үшін жібереді.

84. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну талабы мыналарға қолданылмайды:

1) мүгедектер ұйымдарына (жеке тұлғалар - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер);

2) *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды;*

3) Холдингке кіретін ұйымдарға.

Қағидалардың осы тармағының ережелері консорциумдарға қолданылмайды.

85. Тапсырыс беруші тендерге қатысуға ұсыным берген әлеуетті өнім берушінің жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оған ашық тендер қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін қайтарусыз негізде ұсынуға тиіс.

86. Ашық тендерде (лотта) жүргізілетін/жүргізілген ашық тендердің (лоттың) қорытындыларына әсер ететін бұзушылықтарды тапқан жағдайда Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы және (немесе) тендерлік комиссия шарт жасасқан сәтке дейін тендерді (лотты) немесе оның қорытындыларынан бас тартуға міндетті. Бұл ретте тендер (лот) (тендерге (лотқа) қатысқан сол әлеуетті өнім берушілермен сол тендерлік комиссия құрамында қайта қаралуы немесе қайта өткізілуі тиіс.

Тендерлік құжаттамада тендер (лот) бойынша бұзушылықтарды тапқан жағдайда әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері бар конверттерді ашқан күнге дейін Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тендерден (лоттан) бас тартуға, тендерлік құжаттаманы сәйкестікке келтіруге және қайтадан тендер (лот) жариялауға міндетті.

Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тендерден (лоттан) немесе оның қорытындыларынан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы өткізілетін сатып алуға қатысқан тұлғаларға хабарлауға және тиісті хабарландыруды Тапсырыс берушінің және сатып алуды ұйымдастырушының веб-сайтында және Қор белгілеген веб-сайтта жариялауға міндетті.

Бұл жағдайда әлеуетті өнім берушілердің тендерге (лотқа) қатысуға түскен өтінімдер ашылмайды және қайтаруға жатады.

## **5. Жабық тендер өткізу тәсілімен сатып алу**

87. Жабық тендер ол туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүзеге асырылған жағдайда өткізіледі.

88. Жабық тендерді өткізу рәсімі жабық тендер тәсілімен сатып алу туралы ақпаратты жариялау туралы ережелерді, сондай-ақ Қағидалардың 36-тармағын қоспағанда ашық тендер рәсіміне ұқсас.

89. Жабық тендер өткізу туралы әлеуетті өнім берушілерді хабарлау жабық тендерге қатысуға шақыру жіберу арқылы жүргізіледі.

## **6. Екі кезенді тендер өткізу тәсілімен сатып алу**

90. Тендерлер екі кезенді рәсімдерді пайдалана отырып:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамаларын және өзіндік ерекшелігін тұжырымдау қиын болған;

2) мұқтаждықтарды қанағаттандырудың ықтимал жолдарымен таныстыру және олардың ең үздігін таңдау қажеттілігі болған өзара байланысты жағдайларда өткізілуі мүмкін.

91. Екі кезенді тендер тәсілімен сатып алу мынадай дәйекті іс-шараларды өткізуді көздейді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

екі кезенді тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу туралы Тапсырыс берушінің шешім қабылдауы, тендерлік комиссияның, қажет

болған кезде сараптау комиссиясының (сарапшының) құрамын бекіту, тендерлік комиссияның хатшысыны белгілеу, тендерлік құжаттаманы бекіту;

ашық екі кезенді тендер тәсілімен сатып алу өткізу туралы хабарландыруды жариялау не жабық екі кезенді тендер өткізілген жағдайда, әлеуетті өнім берушілерге шақыртулар жіберу; тендерлік құжаттаманы әлеуетті өнім берушілерге беру;

екі кезенді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тендерлік комиссия хатшысының қабылдауы және оны тіркеуі. Екі кезенді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға өтінімдер баға ұсыныстары көрсетілмей беріледі;

екі кезенді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысы, әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттерді ашу хаттамасын ресімдеу;

екі кезенді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тендерлік комиссияның қарауы, Тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыру жолдарымен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ұсынылған техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктерін негізінде тендерлік комиссияның әлеуетті өнім берушілерге іріктеу жүргізуі, тендердің екінші кезеңі қатысушыларының тізбесін қалыптастыру, екі кезенді тендердің бірінші кезеңінің қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеу, бірінші кезеңге қатысқан әлеуетті өнім берушілерді оның қорытындылары туралы хабарлау;

2) екінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

қажеттілік болғанда, техникалық ерекшелікті (техникалық тапсырманы) нақтылауды қоса алғанда, тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізу;

тендердің екінші кезеңінің қатысушыларына нақтыланған тендерлік құжаттаманы және/немесе техникалық өзіндік ерекшелігін (техникалық тапсырманы) және тендерлік ұсынысты беруге шақыру жіберу;

тендерлік комиссияның баға ұсыныстарын және бағаны төмендетуге қосымша баға ұсыныстарын (олар бар болған жағдайда) және тендердің екінші кезеңі қатысушыларының нақтыланған техникалық ерекшеліктерін (олар бар болған жағдайда) қарауы, тендердің қорытындыларын шығару, тендердің қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеу;

тендердің екінші кезеңінің қатысушыларын олардың қорытындылары туралы ақпараттандыру, ашық екі кезенді тендердің қорытындылары туралы хаттаманы жариялау (жабық тендерді өткізу жағдайында, жариялау жүргізілмейді);

сатып алу туралы тендердің жеңімпазымен шарт жасасу.

Екі кезенді тендер тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу рәсімдері электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттармен реттеледі.

92. Екі кезенді тендердің екінші кезеңін өткізуді бастау мерзімі екі кезенді тендердің бірінші кезеңінің қорытындыларын шығарған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

93. Егер Қағидаларда өзгеше көзделмесе, екі кезенді тендерді өткізу кезінде ашық тендер қолданылатын рәсімдер пайдаланылады.

## **7. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу**

94. Егер Тапсырыс берушінің жылдық сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сома тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың есе мөлшерінен асып кетпесе, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, осы тәсілді пайдалануға болады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында тиісті қаржы жылына арналған

республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың есе мөлшерінен аспайтын бөлікке қаржы жылы ішінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің біртекті түрлерін сатып алудың жылдық көлемін бөлшектеуге болмайды. Тапсырыс берушінің атынан Тапсырыс берушінің тікелей филиалы (өкілдігі) мұндай сатып алуды жүзеге асыруы талабымен, Тапсырыс беруші өзінің филиалының (өкілдігінің) қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайға, осы талап қолданылмайды.

Баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу рәсімдері электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттармен реттеледі.

94-1. Ереженің 98-110 тармақтарының ережелері баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен жүргізілетін электрондық сатып алуға қолданылмайды.

95. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталған күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушінің-/сатып алуды ұйымдастырушының веб-сайтына және Қор анықтаған веб-сайтқа мынадай ақпаратты:

1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жоспарланған өткізілетін сатып алу - атауы, қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілген көлемі, орны, мерзімі және шарты туралы (қажеттілік болған кезде техникалық өзіндік ерекшелігі қоса беріледі), жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарттар жасау мерзімі;

2) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын табыс етуінің басталу мерзімі туралы;

3) баға ұсыныстары бар конверттерді ашу рәсімін бастау орны, күні және уақыты туралы;

4) сатып алу туралы шарттың жобасын;

5) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүргізу мәні болып табылатын ҚҚС-ты есепке алмай, тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алу үшін әрбір лот бойынша бөлінген сомалар туралы мәліметті;

6) баға ұсыныстары бар конверттерді ресімдеу бөлігінде талапты қамтитын хабарландыруды орналастыруға міндетті.

Тауарлық белгілерге, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауына, патенттерге, пайдалы модельге, өнеркәсіп үлгілеріне, тауарды шығарған орынның атауына және өндірушінің атауына нұсқамалардың мазмұны, сондай-ақ жеке әлеуетті өнім берушіге не өндірушіге сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің қажеттілігін анықтайтын өзге сипаттамалар көрсетілмейді, мынадай сатып алу жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда:

1) толық құрастыруға, жаңғыртуға, толық жарақтандыруға арналған, сондай-ақ одан арғы техникалық сүйемелдеуге, сервистік қызмет көрсетуге және жөндеуге, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықтарды жоспарлы жөндеуге арналған тауарлар, жұмыстар және қызметтер;

2) мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаға сәйкес тауарларды сатып алу.

96. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жүргізу мүгедектер ұйымдары (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер - жеке тұлғалар) арасында ғана жүргізілуі мүмкін.

97. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын табыс етуі оның сатып алуды жүргізу туралы ақпаратта көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

98. Баға ұсынысы баға ұсыныстары тәсілімен сатып алулар туралы хабарландыруда көрсетілген конверттерді ашу рәсімі басталған уақытқа дейін мөр басылған конвертте беріледі. Әр әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім берушінің қолы және мөрімен (ол бар болған кезде) бекітілген тек бір баға ұсынысын бере алады, ол мынадай мәліметтер мен құжаттарды



қамтуы тиіс:

- 1) әлеуетті өнім берушінің атауы, нақты мекенжайы;
- 2) жеткізілетін тауарлардың атауы, сипаттамасы және саны, орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің атауы мен көлемі;
- 3) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен мерзімі;
- 4) тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетумен байланысты оның шығыстарында қосылған ҚҚС есепке алмай тауарлар, жұмыстар, қызметтердің жалпы бағасы мен бірлігі үшін баға;
- 5) әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік тіркелу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 6) лицензияның көшірмесі (егер сатып алу талаптарында міндетті лицензиялауға жататын қызмет деп болжанған жағдайда);
- 7) әлеуетті өнім беруші қол қойған техникалық ерекшелікті (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарландыруда техникалық ерекшелік және әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігін беру туралы талабы қамтылған жағдайда);
- 8) сатып алу қатысушысының мәртебесіне сәйкестігі туралы құжаттарды (сатып алуды жүргізу Қағидалардың 99-тармағында санамаланған қатысушылар арасында көзделген жағдайда).

99. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы бар мөр басылған конвертінің сыртқы бетінде мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошталық мекенжайы;
- 2) сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген ұқсас мәліметтерге сәйкес келетін Тапсырыс берушінің атауы мен пошталық мекенжайы;
- 3) сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы берілген тауарлар, жұмыстар, қызметтердің, лоттың атауы.

100. Белгіленген мерзім өткенге дейін баға ұсыныстары салынған конвертті берген әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер тиісті баға ұсыныстарын тіркеу журналына енгізілуге тиіс. Аталған мәліметтер журналға әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары салынған конверттерді беруіне қарай хронологиялық тәртіппен енгізіледі.

101. Қағидалардың 99-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін, сондай-ақ конверттерді ашу рәсімі басталған уақыттан соң берілген баға ұсыныстары салынған конверт қайтарылады және тіркеуге жатпайды.

102. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруларда көрсетілген күнде, уақытта және орында баға ұсыныстары салынған конвертті ашады, баға ұсыныстарын жариялайды.

103. Кез келген мүдделі тұлға конвертті ашқан кезде қатысу құқығына ие болады. Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, конверттерді ашу аудио- және бейнежазбаға жазуға рұқсат етіледі.

Әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдері басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарымен қол қоя отырып танысу құқығына ие болады.

Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға конверттерді ашу рәсіміне кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

104. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарында әлеуетті өнім берушілер өтініш берген бағаны жария етеді, әлеуетті өнім берушілердің қатысушы уәкілетті өкілдерін берілген баға ұсыныстарымен қол қойғыза отырып таныстырады.

105. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын салыстырады және ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушіні айқындайды.

106. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім берушілер ұсынған жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

107. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы өзге валютада берілген жағдайда оларды салыстыру мақсатында баға ұсыныстарын бірыңғай валютаға келтіру үшін баға ұсыныстарын ашу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы қолданылады.

108. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы, егер:

1) ол сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;  
2) әлеуетті өнім беруші тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің елеулі талаптарын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің елеулі сипаттамасын ұсынған жағдайлардан басқа, әлеуетті өнім беруші сатып алу талаптарымен келіспесе не оны өзгертуді және (немесе) толықтыруды ұсынса;

3) ол Қағидалардың 98-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

4) әлеуетті өнім беруші бірден астам баға ұсыныстарын ұсынса;

5) әлеуетті өнім беруші не оның қосалқы мердігері (бірге орындаушы) не консорциумға кіретін заңды тұлға Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілер тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алудың теріс пиғылды қатысушылары тізілімінде тұрған болса, қабылданбай тасталуға жатады.

109. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу мынадай:

1) 2-ден кем баға ұсынысы тапсырылған;

2) Қағидалардың 108-тармағында көзделген негіздемелер бойынша баға ұсынымдары қабылданбай тастағаннан кейін, екіден (екіден) кем баға ұсынысы қалған жағдайда;

3) сатып алу туралы шарт жасаудан әлеуетті өнім беруші жалтарған жағдайда өтпеді деп танылады.

110. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қайта өткізілмеді деп танылған жағдайда, Тапсырыс беруші:

1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды қайтадан өткізуге;

2) сатып алу шарттарын өзгертуге және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды қайтадан өткізуге;

3) бір көзден тәсілімен сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

Қағидалардың осы тармағының 3) тармақшасында көзделген шешімді Тапсырыс беруші сатып алу қорытындыларын бекіткен күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдануы тиіс.

111. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындыларын Тапсырыс берушінің бірінші басшысы/сатып алуды ұйымдастырушы немесе оларға уәкілетті өзге тұлға бекіткен хаттама түрінде ресімделеді және әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізілуі тиіс. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларының хаттамасы мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

1) Тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, олардың пошталық мекенжайы;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарлар, жұмыстар, қызметтерге өткізілген сатып алудың аты;

3) олар мәлімдеген тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге арналған бағаны берген түпкілікті мерзім аяқталғанға дейін баға ұсыныстарын табыс еткен әлеуетті өнім берушілердің толық атауы;

4) бас тарту себептерін негізге ала отырып қабылданбай қалған баға ұсыныстары туралы;

5) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы туралы.

6) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу болған жағдайда, сатып алу туралы шарттың сомасы және жасау мерзімдері туралы;

Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары

бекітілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей қорытындылар туралы ақпаратты Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының веб-сайтына және мемлекеттік сатып алудың веб-порталына орналастыруға міндетті.

112. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілетін/жүргізілген сатып алуға баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларына әсерін тигізетін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы шарт жасасқан сәтке дейін сатып алуды (лотты) немесе олардың қорытындыларын қабылдамауға міндетті. Бұл ретте сатып алу қайтадан өткізілуі тиіс.

Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы сатып алудан (лоттан) немесе олардың қорытындыларынан бас тарту туралы шешімді бекіткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өткізілетін сатып алуға қатысқан тұлғаларға бұл туралы хабарлауға және Тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушының веб-сайтында және мемлекеттік сатып алудың веб-порталына тиісті хабарландыруды жариялауға міндетті.

Хабарландырудың мазмұнында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен бұзушылықтар анықталған жағдайда әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары бар конверттерін ашқан күнге дейін Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы хабарландырудың мазмұнын сәйкестікке келтіруге және Қағидалардың 95-тармағында көзделген мерзімде сатып алуды (лотты) жариялауға міндетті.

## **8. Ұйымдастырылған электрондық сауда-саттықтарда және тауар биржалары арқылы және электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында сатып алу**

113. Ұйымдастырылған электрондық сауда-саттықта сатып алу сауда-саттық қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларды нақты уақыт режимінде сатып алуды қамтамасыз ететін электрондық сауда-саттық жүйесі арқылы Тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе оларға уәкілетті өзге тұлғалардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

114. Ұйымдастырылған электрондық сауда-саттықта сатып алу электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып, тауарларды сатып алу-сатуға арналған электрондық сауда-саттық қатысушыларының келісімі (шарты) негізінде сауда-саттық мәмілелерді жасау жолымен жүзеге асырылады.

115. Электрондық сауда-саттықтың қатысушылары мыналар:

тиісті ақпараттық жүйелері мен желілерді ұйымдастыру және басқаруға байланысты қызметтерді көрсететін тұлғалар (сатуға және сатып алуға арналған ұсыныстары бар электрондық құжаттарды алу, орналастыру, сақтау (делдал);

белгілі бір тауарларды сатуға ұсынатын тұлғалар (сатушы);

тиісті тауарлардың әлеуетті сатып алушы тұлғалар (сатып алушы) болып табылады.

Электрондық сауда-саттық қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау сауда-саттық қызметінің субъектілеріне белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

116. Тауар биржалары арқылы тауарларды сатып алу Тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оларға уәкілетті өзге тұлғаның шешімі бойынша тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен биржа тауарларының тізбесі бойынша биржалық тауарлар тізбесінде көзделген топтаманың ең төменгі мөлшерінен кем емес көлемде жүзеге асырылады.

117. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында электр энергиясын сатып алу Тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оларға уәкілетті өзге тұлғаның шешімі бойынша электр энергетикасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасындағы электр энергиясының

орталықтандырылған сауда-саттықтарын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

## 9. Сатып алу туралы шартты жасасу

118. Сатып алу туралы шарт тендерлік құжаттамада немесе баға сұраныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарландыруда қамтылған сатып алу туралы шарттың жобасына сәйкес жасалады.

Бір көзден тәсілімен жасалатын сатып алу туралы шарт Қағиданың 125-127 және 132-133-тармақтарында көзделген талаптарға жауап беруі тиіс. Қағиданың 130 және 131-тармақтарында көзделмеген негіздемелер бойынша өзгерістерді жобаға не бір көзден сатып алу туралы жасалған шартқа енгізуге болмайды.

Қазақстан Республикасының резидент емесімен сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, онда ұсынылған нысанда сатып алу туралы шартты ресімдеуге болады.

Тапсырыс беруші ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алу қортыныдысы бойынша шарт жасау кезінде жеңімпазбен шартқа отырғанға дейін электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес әлеуетті өнім берушінің электрондық құжаттары түпнұсқаларымен және/немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерімен салыстыру рәсімдерін жүргізеді.

119. Сатып алу туралы шарт тендер жеңімпазы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҚС төлеушісі болып табылмайтын немесе ҚҚС салынбай жеткізілетін тауар, орындалатын жұмыс, көрсетілетін қызметтің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жағдайларын қоспағанда, оған ҚҚС есептей отырып, тендер жеңімпазы ұсынып отырған немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу бағасын қамтуы тиіс.

120. Тапсырыс беруші шартқа қол қоюдың түпкілікті мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кем емес мерзімде сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу тендерінің жеңімпазына Тапсырыс беруші тарапынан қол қойылған сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді. Тендер жеңімпазы, баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен сатып алу туралы шарт жобасына Тапсырыс беруші тарапынан сатып алу туралы шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қол қояды. Тендер тәсілімен сатып алу туралы немесе баға ұсыныстарына сұрау салу туралы шарт сатып алу қорытындылары туралы хаттамада көрсетілген, бірақ қорытындылар туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннен асырмайтын мерзімде жасалады.

Егер сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының резидент емесімен жасалатын болса, осы мерзім 10 (он) күнтізбелік күнге қосымша ұзартылуы мүмкін.

Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу туралы шарт бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде жасалады.

121. *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды.*

122. *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды.*

123. *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды.*

124. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарт оған қол қойылған күннен бастап 10 (он) жылдан аспайтын мерзімге оны ұзарту туралы Тапсырыс берушінің міндеттемесін көздеуі мүмкін. Сатып алу туралы ұзақ мерзімді шартты ұзарту бекітілген тиісті жыл(дар)ға ұзақ мерзімді сатып алу жоспарының негізінде жүзеге асырылады.

125. Егер мүгедектер (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалар)

ұйымы тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымымен (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалармен) шарт жасалса, шарттың талаптарында шартты жасасқан күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей төленуі қажет шарттың сомасының 30%-нан кем емес мөлшерде алдын ала төлеу көзделуі қажет.

Тауарларды және қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алуды жүзеге асырған кезде Тапсырыс беруші шарттың талаптарында сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттың келесі 12 (он екі) ай қолданысында жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін көзделген сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарт сомасының 30%-нан кем емес мөлшерде алдын ала төлемді көздеуге құқылы.

126. Есеп айырысуды, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуды Тапсырыс беруші тараптар тиісті акті(лер)ге қол қойған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жүзеге асыруға міндетті.

127. Тапсырыс беруші өнім берушіге сатып алу туралы шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді сатып алу туралы шарт бойынша олар өздерінің міндеттемелерін толық және тиісті дәрежеде орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

Өнім беруші шарттық міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелерін орындауды бұзғаны үшін өнім берушіге есептелген айыппұл мен осыған байланысты туындаған шығындардың сомасын сатып алу туралы шартты орындауға енгізілген қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы. Өнім беруші шарт бойынша өзінің міндеттемелерін толық және тиісті дәрежеде орындаған, сондай-ақ жіберілген және ықтимал шарттың талаптарын бұзуды жойған (мұндай бұзушылықтар жіберілген жағдайда) күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілер) тізбесіне оны енгізбестен, шартты орындауды қамтамасыз етудің қалған сомасы қайтарылады.

Бұл ретте, өнім беруші дербес айыппұл санкцияларын толық төлеген жағдайда, Тапсырыс беруші шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалмайды және өнім беруші Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (жеткізушілер) тізбесіне енгізілмейді.

128. Сатып алу туралы шарт Қағиданың 125-127-тармақтарын бұзғаны үшін Тапсырыс берушінің жауапкершілігін көздеуі тиіс.

129. Әлеуетті өнім беруші тендерлер қорытындылары туралы хаттама немесе баға ұсыныстары сұрату тәсілімен сатып алу хаттамасында белгіленген мерзімдерде Тапсырыс берушіге сатып алушы туралы қол қойылған шартты ұсынбаған немесе шартты жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етпеген жағдайда, онда ондай әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқан деп танылады.

Әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқан деп танылған жағдайда, Тапсырыс беруші оларға қамтамасыз етуге берілген өтінімдерді ұстап қалады және Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілер) тізбесіне осындай өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін Қордың Басқармасы анықтаған еншілес ұйым тұлғасында сатып алу мәселелері бойынша уәкілетті органға тиісті ақпаратты белгіленген тәртіппен жібереді.

130. Тараптардың мынадай:

1) өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі талабымен сатып алу туралы шарт жобасының сомасын азайту бөлігіне;

2) Тапсырыс беруші ықтимал өнім берушінің баламалы талаптарын қабылдаған жағдайда;

3) аванс (алдын ала төлем) талаптарын өзгерту не бас тарту жағдайында;

4) бағалау қорытындысы бойынша және салыстырмалы екінші орын алған ықтимал өнім берушімен Қағиданың 79, 80-тармақтарына сәйкес сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау бойынша өнім берушінің

міндеттемелерін орындау мерзімдерін ұзарту бөлігінде өзара келісімі бойынша сатып алу туралы шарттың жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады, бұл ретте шарт олар тендерге қатысуға берген өтінімде ұсынған бағадан аспайтын баға бойынша жасалады. Мұндай жағдайда, Тапсырыс беруші жүргізген тендер жеңімпазы орындаған міндеттемелердің құнын төлеу ескеріледі.

Қағиданың 79-тармағы қолданылған жағдайда, мерзім тендердің қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап жеңімпаз сатып алу туралы шартқа қол қою үшін белгіленген мерзім өткен күнге дейін немесе жеңімпаз сатып алу туралы шартқа қол қоюдан жазбаша түрде бас тартқан күннен бастап (тендер жеңімпазы шартқа қол қою үшін белгіленген мерзім шегінде шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайды қоспағанда) есептелетін күн санына ұзартылады. Қағиданың 80-тармағы қолданылған жағдайда, мерзім тендер жеңімпазымен шарт жасасқан күннен бастап тендер жеңіспазымен шартты бұзған күнге дейін есептелетін күн санына ұзартылады.

131. Сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге төмендегі жағдайларда өзара келіскенде жол беріледі:

1) егер сатып алу туралы шартты орындау үдерісінде осындай сатылып алынатын тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге баға азаю жағына өзгерсе, тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге бағаны және тиісінше сатып алу туралы шарттың сомасын азайту бөлігінде;

2) сатып алу туралы шарт сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізу жағдайында, шарттың орындалу мерзімін тиісінше өзгерту бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстардан басқа, сатылып алынатын тауарлар, жұмыстар көлемінде қажеттілікті азайтуға немесе негіздемелі түрде ұлғайтуға байланысты сатып алу туралы шартта бастапқы жоспарланғаннан аспайтын сома мен көлемге сатып алу туралы шарттың сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауардың, жұмыстың, қызметтің бір бірлігіне бағаның өзгермеуі талабымен шарттың орындалу мерзімін тиісінше өзгерту бөлігінде. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттың осылай өзгеруіне сатып алуды жүзеге асыру үшін анықталған жылға сатып алу жоспарында осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін көзделген сома мен көлем шегінде жол беріледі;

4) егер өнім беруші онымен жасалған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы жасаған шартты орындау үдерісінде тауардың бір бірлігіне бағаның өзгермеуі талабымен, үздік сапалық және (немесе) техникалық сипаттамасын не болмаса онымен жасалған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарттың мәні болып табылатын тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету мерзімі мен (немесе) талабын ұсынды;

5) сатып алу туралы шарттың сомасын салық, кеден және басқа да салаларда заңнаманың өзгеруімен туындаған кейінгі жылдары аяқталу мерзімімен жұмысты орындауға соманы азайту немесе арттыру бөлігінде, сондай-ақ мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамадағы тиісті өзгерістерді енгізген жағдайда жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда шарттың орындалуын тиісті өзгерту бөлігінде;

6) салық, кеден және басқа да салаларда заңнаманың өзгеруімен туындаған тауарларды жеткізуге, қызметтерді көрсетуге сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттың сомасын азайту немесе арттыру бөлігінде, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда шарттың орындалу мерзімін тиісті өзгерту бөлігінде. Осындай өзгеріс шарттың бір жыл және жылына бір реттен аспайтын әрекет етуі бойынша жол беріледі;

7) *Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды;*

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалардың, тарифтердің,

алымдардың және төлемдердің өзгеруіне байланысты сатып алу туралы шарт сомасының азаюы немесе ұлғаюы бөлігінде. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттың осылай өзгеруіне сатып алу жоспарында осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін көзделген сома шегінде жол беріледі;

9) нарықтық баға немесе биржалық котировкалар туралы ресми танылған ақпарат көздеріне сәйкес баға қалыптастырылатын импортталатын көмірсутегі шикізатының бірлігіне бағаны өзгерту бөлігінде;

10) табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар белгілеген баға шегінде бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген тауардың бірлігіне бағаның өзгеруі бөлігінде.

Осы Қағиданың 1) - 5), 8), 10) тармақшаларының ережелері сатып алу туралы ұзақ мерзімді шартқа да қолданылады.

132. Сатып алу туралы шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар шарттың ажырамайтын бөлігі болып табылатын шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделеді.

133. Сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа Қағиданың 130 және 131-тармақтарында көзделмеген өзге де негіздер бойынша өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының мазмұнын өзгертетін өзгерістер және/немесе өнім берушіні таңдауға негіз болған ұсыныстар енгізуге жол берілмейді.

## 10. Бір көзден сатып алу

134. Бір көзден сатып алу:

1) Тапсырыс берушінің атқарушы органы басшысының немесе оларға уәкілетті өзге тұлғаның шешімі негізінде;

2) Тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органы (алқалық атқару органы/қадағалаушы кеңесі болмаған жағдайда басқару органы/жоғарғы органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) /қадағалаушы кеңесінің шешімі негізінде;

3) тікелей шарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

135. Бір көзден сатып алу Тапсырыс берушінің атқарушы органының жетекшісі немесе уәкілеттік берілген басқа тұлғалар шешімі негізінде келесі жағдайларда іске асырылады:

1) Қағиданың 15-тармағының 1) -4) тармақшаларында көзделген тәсілдердің бірінде сатып алынса, өткізілмеді деп танылады.

Егер тендер немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес бір әлеуетті өнім берушіні қабылдауына немесе әлеуетті өнім берушінің қабылданған бір баға ұсынысының болуына байланысты дәрменсіз деп танылса, Тапсырыс беруші осы әлеуетті өнім берушіден сатып алуды жүзеге асырады.

Бұл жағдайда сатып алу туралы шарт олармен оның тендерге қатысуға берген өтінімінде, баға ұсынысында қарастырылған жағдайда жасалуы тиіс және олармен жасалған шарттың бағасы тендерге қатысу өтінімінде, баға ұсынысында көрсетілген бағадан аспауы тиіс.

Егер тендер немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өзге негіздемелер бойынша өткізілмеді деп танылады, сатып алу тапсырыс беруші белгілеген әлеуетті жеткізушіде жүзеге асырылады.

2) егер тиісті күнтізбелік жылға арналған сатып алу жоспарында көзделген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің біртекті түрлерінің жалпы сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

3) егер Тапсырыс берушінің алқалық атқарушы орган/қадағалаушы кеңес (алқалық атқарушы орган/қадағалаушы кеңес болмаған жағдайда басқару органы/жоғары орган

(қатысушылардың жалпы жиналысы) бекіткен тізбе бойынша күнделікті және (немесе) апта сайынғы мұқтажды сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі болғанда (хабарландыру берген сәттен бастап және тендердің қорытындылары бойынша шарт жасасқанға дейінгі кезеңде), тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

4) жиырма бес және одан да көп пайыз акциясы (қатысу үлесі) тікелей немесе жанама Тапсырыс берушіге тиесілі ұйымнан, тапсырыс берушінің жиырма бес және одан да көп пайыз акциялары (қатысу үлесі) тікелей немесе жанама тиесілі ұйымнан, Тапсырыс берушінің жиырма бес және одан да көп пайыз акциясы (қатысу үлесі) тікелей немесе жанама тиесілі ұйымнан, сондай-ақ олардың қызметтерінің негізгі мәні бойынша құрылтайшыларын Тапсырыс берушілер білдіретін мекемелерден тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу;

5) жекешеленген құрылымдық бөлімше қызметтерін қамтамасыз ету үшін Тапсырыс берушімен жекешеленген құрылымдық бөлімшелерден шетел мемлекеттері аумағында (Қазақстан Республикасы аумағынан тыс) сатылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

6) табиғатты пайдалану құқығын сатып алу;

7) стратегиялық маңызы бар өндірістер үшін шикізат ресурсы болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін және Тапсырыс берушінің алқалық орган/қадағалаушы кеңесі (алқалық атқару органы/қадағалаушы кеңесі болмаған жағдайда басқару органы/жоғарғы орган (қатысушылардың жалпы жиналысы) бекіткен тауарлар тізбесі бойынша шетелден сатып алынатын тауарларды сатып алу;

8) тапсырыс берушінің алқалық атқарушы орган/қадағалаушы кеңесі (алқалық атқарушы орган/қадағалаушы кеңесі болмаған жағдайда басқару органы/жоғарғы орган (қатысушылардың жалпы жиналысы) бекіткен тізбе бойынша тауарларды кейіннен өңдеу мақсатында сатып алу;

9) қағаздағы және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мерзімді баспасөз басылымдарын, ақпаратты шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, халықаралық ақпарат ұйымдарының ақпарат ұсыну жөніндегі қызметтерін, сондай-ақ веб-сайттарда орналастырылған ақпараттарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, әр түрлі магниттік жеткізгіштерде басылған дыбыстандырылған кітаптарды, көзі көрмейтін мүгедектерге қызмет көрсету үшін рельефтік-нүктелік шрифтпен, тифлоқұралмен басылған кітаптарды сатып алу;

10) мамандандырылған кітапханалардың қызметтерін сатып алу;

11) халықаралық ақпарат ұйымдарының ақпарат ұсыну жөніндегі қызметтерді сатып алу;

12) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты жүзеге асыратын ұйымдардың «Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың құрамына кіретін өнімді өндіру үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

13) ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда, сондай-ақ ерекше қауіпті жұмыстармен, машиналармен және тетіктермен байланысты жұмыстарда істейтін қызметкерлерді міндетті медициналық тексеру жөніндегі қызметтерді сатып алу;

14) теңіз агенті, теңіз брокері қызметтерін сатып алу;

15) мемлекеттік метрологиялық бақылауды тарату сферасында қолданылатын өлшеу құралдарын тексеру бойынша қызметтерді сатып алу;

16) Тапсырыс берушінің негізгі қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын уран және оның коспаларын сатып алу;

17) өздерінің орналасқан жерінің құпиялығын сақтауды көздейтін объектілердегі жұмыстарды сатып алу;

18) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Тапсырыс берушінің тауарлар,



жұмыстар, қызметтерін сатып алу;

19) Қазақстан Республикасы азаматтық авиация субъектілері отандық мұнай өндіруші кәсіпорындарынан тікелей авиатотын сатып алу;

20) жоба алды құжаттамасын тиісті дәрежеде әзірлеген өнім берушіден жобалау жөніндегі жұмыстарды, жобалау бойынша жұмыстарды сатып алу;

21) өнім берушіден жобалау жөніндегі жұмыстарды, оның ішінде жобалау құжаттамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігінен туындайтын жұмыстарды сатып алу;

22) лизинг қызметін жүзеге асыру кезінде тауарларды кейіннен лизингке беру үшін, сондай-ақ сатып алуға, жеткізу мен лизинг мәнін жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

23) кіреберіс жолдарды пайдалану қызметтерін сатып алу;

24) жерсерік ресурсын жалға беру жөніндегі қызметтерді сатып алу;

25) теле бағдарламаларды, оның ішінде жерсеріктер және жер үсті құрылыстары арқылы тарату, трансляциялау жөнінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

26) бейне/аудиоматериалдарды жіберу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

27) мамандандырылған кәсіпорындарда авиациялық техниканы, теңіз кемелерін және кеме жабдығын жөндеу жөніндегі қызметтерді сатып алу;

28) электр энергиясын, оның ішінде холдингке кіретін энергия жабдықтаушы ұйымнан сатып алу;

29) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

136. Бір көзден сатып алу мына:

1) қандай да бір өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған тапсырыс берушіде сол өнім берушімен қолда бар тауарлармен, жабдықпен, технологиямен жұмыстармен немесе көрсетілетін қызметтермен біріздендіру, стандарттау немесе үйлесімділікті қамтамасыз ету мақсатында басқа да сатып алуларды жүргізу қажеттілігі туындаса;

2) Директорлар кеңесінің 21.06.2016 ж. № 7 шешімімен алынып тасталды;

3) мүлікті сенімгерлікпен басқару бойынша қызметтерді сатып алу;

4) инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыру мақсатында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

5) жаңа технологияны енгізуге байланысты сол технологияның меншік иесінен жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу;

6) халықаралық коммерциялық төреліктерде және шетелдік сот органдарында Тапсырыс берушілердің мүдделерін қорғау мен білдіру жөніндегі консультациялық және заң қызметтерін сатып алу;

7) мемлекеттік тапсырмаларды орындау аясында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу;

137. Тікелей шарт жасау жолымен жүзеге асырылатын сатып алулар:

1) аралық сотпен дауларды шешуге байланысты төрелік сот жиынтығын, шығындарды төлеу;

2) төтенше жағдайлар салдарларын, апаттыоқшаулау және (немесе) жою үшін электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, темір жол, әуе, автомобиль, теңіз көлігі, байланыс объектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбырларындағы, газ құбырларындағы және өзге қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар мен оқиғаларды жою үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және

материалдардың тасымал жолда тез арада қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

3) Қазақстан Республикасы заңдарымен анықталған тұлғалардан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

4) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтары бар тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

5) көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысқаны үшін ақы төлеу;

6) уақытша бос ақшаны орналастыруға байланысты қазынашылық операцияларды жүзеге асыру кезінде бағалы қағаздарды сатып алу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе басқа елдердің заңнамасында белгіленген бағалар, тарифтер, жиындар мен төлемдер бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

8) табиғи монополиялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттелетін қызметтер бойынша табиғи монополия субъектісінен тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу;

9) тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алынатын белгілі бір нарықта үстем (монополиялық) жағдайға ие, осындай нарықта үлесі 100 (жүз) пайызға тең болатын тұлғадан немесе оның қызметінің негізгі мәні бойынша табиғи монополия субъектісінен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

10) қосылған желі арқылы табиғи газды, суды, сумен жабдықтау қызметін және жылу энергиясы қызметтерін сатып алу;

11) өкілдік шығындарымен байланысты тауарларды, қызметтерді сатып алу;

12) мыналарды:

Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушылары өткізетін;

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес өткізілетін;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өткізілетін;

табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес өткізілетін;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезіндегі сауда-саттықта (аукциондарда), тендерлерде сатылатын мүліктерді (активтерді) сатып алуы;

13) емделушінің өміріне қауіп төнген жағдайда дәрілік заттарды сатып алу;

14) қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі, сондай-ақ оқу бағдарламасы бар холдинг клиникасын халықаралық аккредитациялауға дайындау бойынша қызметтерді, техникалық көмек, тесттік аккредитациялауларды және аккредитациялар қызметтерін сатып алу;

15) рейтингтік агенттіктердің, қаржы қызметтерінің қызметтерін сатып алу;

16) ағындарды (кәріз) бұру қызметтерін сатып алу;

17) темір жолда жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеу және сату жөніндегі қызметтерді сатып алу.

## **11. Кепілдендірілген тапсырыс тәсілімен сатып алу**

138. Кепілдендірілген тапсырыс тәсілімен сатып алу индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мен Тапсырыс беруші арасында технологиялық меморандум жасалған жағдайда іске асырылады.

139. Кепілдендірілген тапсырысты тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің

дерекқорына енгізілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді әлеуетті берушілердің барлығының арасында кепілдендірілген тапсырысты орналастыратын Тапсырыс беруші сатып алуды ұйымдастыру арқылы мынадай тәртіппен орналастырады:

1) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган арасында жасалған технологиялық меморандумда айқындалған, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі негізінде Тапсырыс беруші тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің дерекқорына енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді берушілер арасында кепілдендірілген тапсырыс бойынша сатып алуды жариялайды;

2) Тапсырыс беруші кепілдендірілген тапсырыс бойынша сатып алуды жүргізеді және олардың өндірістік қуатын есепке ала отырып, бір немесе бірнеше әлеуетті өнім берушілері айқындайды;

3) өткізілген сатып алу негізінде Тапсырыс беруші өндірісті ұйымдастыру және Тапсырыс берушінің осы шартта көрсетілген техникалық және баға талаптарына сәйкес келетін тауарды жеткізу бойынша әлеуетті өнім берушімен (лермен) (бұдан әрі - өнім беруші) кемінде үш жыл мерзімге кепілдендірілген тапсырыс шартын (тарын) жасасады;

4) өнім беруші (лер) кепілдендірілген тапсырыс шартының талаптарына сәйкес шартта көрсетілген мерзімде тауар өндіруді ұйымдастырады және Тапсырыс берушінің техникалық және баға талаптарына сәйкес келетін тауарды жеткізеді.

## **12. Сатып алу туралы шартты орындау**

140. Сатып алу туралы шартты орындау Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына, шарттарды дайындау, жасасу және орындауды реттейтін Қағидалар мен Тапсырыс берушінің ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

141. Тапсырыс беруші есеп беретін кезеңнен кейінгі айдың 25 күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алудың веб-порталына Ереженің 2-қосымшасына сәйкес сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша ақпаратты орналастырады.

## **13. Жергілікті қамту мониторингі**

142. Компания сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтерге жергілікті қамту мониторингін жүзеге асырады. Осы мақсатта, Қазақстан Республикасының бейрезидент өнім берушілері шетел мемлекетінің аумағында тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жағдайларын қоспағанда, растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Компания жергілікті қамту үлесінің есебі үшін қажетті тауарлар, жұмыстар, қызметтердегі жергілікті қамту бойынша есептілікті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді берушілердің міндетті түрде беруін қамтамасыз етеді.

143. Тауарлар, жұмыстар, қызметтердегі жергілікті қамту Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Бірыңғай әдістемеге сәйкес есептеледі.

Холдингке кіретін ұйымдардың тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алуда жергілікті қамту мониторингісін ұйымдастыру үшін жауапты құрылымдық бөлімшені және/немесе лауазымды тұлғаны анықтайды.

## **14. Қағиданың нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік**

144. Тапсырыс берушінің қызметкерлері, оның ішінде сатып алу мәселелеріне жетекшілік жасайтын басшы, тендерлік комиссияның хатшысы, сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы, сатып алу мәселелері

бойынша есептілік жасауға және оны беруге жауапты тұлға Қағиданың нормаларын бұзғаны үшін дербес жауапкершілікте болады.

Қағиданың нормаларын бұзғаны үшін қызметкерлерді жауапкершілікке тарту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

145. Әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) Тапсырыс берушінің атқарушы органымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тендерлік, сараптама комиссиясы мүшелері, сарапшы ретінде қабылданған басқа тұлғалар әрекеттеріне және шешімдеріне шағымдануына құқығы бар.

## **15. Қорытынды ережелер**

146. Қағида қолданысқа енгізілгенге дейін басталған (жарияланған) сатып алу рәсімдері сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күнде қолданылған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

147. Қордың Басқармасы отандық тауар өндірушілерді, мүгедектер (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалар) ұйымын қолдаудың қосымша шараларын анықтай алады.

148. Ереженің 2-тармағының 10) тармақшасының 13 және 14-азат жолдарына Қазақстан Республикасы Президентімен, Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген мемлекеттік бағдарламаларға және басқа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес іске асырылатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Ережесімен өзге тәртіптер қарастырылған сатып алулар түсінігінен алып тастау бөлігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 мамырдағы №787 қаулысымен бекітілген ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг, ұлттық компаниялар және ұйымдар акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұлттық басқарушы холдингпен, ұлттық холдингпен, ұлттық компаниялармен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың Тұрпаттық ережесіне енгізілген өзгертулер күшіне енгеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

149. Сонымен қатар Сатып алуларды іске асыру мәселелері бойынша Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің өзара қарым-қатынасын реттейтін Тапсырыс берушінің сәйкес құжаттары алқалық атқарушы орган/қадағалау кеңесі шешімімен (басқару органның/жоғарғы органның (қатысушылардың жалпы жиналысы) алқалық атқарушы органы/қадағалау кеңесі болмаған жағдайда) бекітілуі мүмкін.

---



**Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді  
жоспарланатын сатып алу жөніндегі ақпарат  
Жалпы мәліметтер**

Тапсырыс берушінің БСН	Тапсырыс берушінің СТН	Тапсырыс берушінің атауы (мемлекеттік тілде)	Тапсырыс берушінің атауы (орыс тілінде)	Сатып алу жылы
1	2	3	4	5

**Сатып алу жоспары**

р/с №	Жоспар тармағының түрі	Сатып алу нысанының түрі	Тауардың, жұмыстың, қызметтің коды (ТЖҚЖ сәйкес)	Мемлекеттік тілдегі сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы (ТЖҚЖ сәйкес)	Орыс тіліндегі сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы (ТЖҚЖ сәйкес)	Мемлекеттік тілдегі сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің қысқаша сипаттамалары (сипаты) (ТЖҚЖ сәйкес)	Орыс тіліндегі тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаты) (ТЖҚЖ сәйкес)	Қосымша сипаттама (мемлекеттік тілде)	Қосымша сипаттама (орыс тілінде)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

*кестенің жалғасы*

Сатып алу тәсілі	Өлшем бірлігі (ТЖҚЖ сәйкес)	Саны, көлемі	Бірлік құны, теңге	Сатып алу үшін бекітілген сома, теңге	Сатып алуды жүзеге асырудың жоспарлы мерзімі (ай)	Тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызмет көрсету мерзімі	Елді мекен коды (ӘАОЖ сәйкес)	Алдын ала төлем мөлшері, %
11	12	13	14	15	16	17	18	19

\* ТЖҚС - тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің сыныптаушы

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жоспарланатын сатып алу жөніндегі ақпаратта ақпаратты толтыру жолдар бойынша, мынадай тәртіппен әрбір тауар, жұмыс және көрсетілетін қызмет бойынша жеке жүзеге асырылады.

Жалпы мәліметтер

1-баған. Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тапсырыс берушісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі (болған жағдайда толтырылады).

2-баған. Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тапсырыс берушісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

3-баған. Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тапсырыс берушісінің қазақ тіліндегі атауы көрсетіледі.

4-баған. Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тапсырыс берушісінің орыс тіліндегі атауы көрсетіледі.

5-баған. Сатып алу жоспарының жылы көрсетіледі (мысалы: 2012).

Сатып алу жоспары

1-баған. Жылдық сатып алу жоспары жазбасының (позициясының) реттік нөмірі көрсетіледі (реттік нөмірі нүктесіз бүтін сандармен жазылады).

2-баған. Жоспар тармағының түрі көрсетіледі.

3-баған. Сатып алу мәнінің түрі (тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет) көрсетіледі.

4-баған. «Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сыныптаушы» анықтамалығына сәйкес 17 белгі деңгейінде тауар коды не 14 белгі деңгейінде жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі (мысалы: 01.11.11.00.00.00.01.10.1).

5-баған. ТЖҚЖ анықтамалығына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің қазақ тіліндегі атауы көрсетіледі (3-бағанға сәйкес автоматты түрде толтырылады).

6-баған. ТЖҚЖ анықтамалығына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің орыс тіліндегі атауы көрсетіледі (3-бағанға сәйкес автоматты түрде толтырылады).

7-баған. ТЖҚЖ анықтамалығына сәйкес қазақ тілінде сатып алу мәнінің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі (3-бағанға сәйкес автоматты түрде толтырылады).

8-баған. ТЖҚЖ анықтамалығына сәйкес қазақ тілінде сатып алу мәнінің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі (3-бағанға сәйкес автоматты түрде толтырылады).

9-баған. Қазақ тілінде сатып алу мәнінің қосымша сипаттамасы көрсетіледі.

10-баған. Орыс тілінде сатып алу мәнінің қосымша сипаттамасы көрсетіледі (аталған баған толтыру үшін міндетті болып табылмайды).

11-баған. Сатып алу тәсілі көрсетіледі.

12-баған. ТЖҚЖ анықтамалығына сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі (3-бағанға сәйкес автоматты түрде толтырылады).

13-баған. 11-бағанның көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің саны немесе көлемі көрсетіледі.

14-баған. Теңгемен сатып алу мәнінің бірлігі үшін бағасы көрсетіледі.

15-баған. Теңгемен жоспарланатын сатып алу сомасы көрсетіледі.

16-баған. Сатып алу рәсімдерін өткізудің жоспарланатын айы көрсетіледі.





атауы (жеке тұлғаның Т.А.Ә.)	(мекенжайы)							берушінің төлегені, теңгемен		себебі
22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32

Сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілген қызметтер туралы ақпаратта ақпаратты толтыру есепті кезең үшін әрбір жасалған шарт туралы жеке жолға мынадай тәртіппен жүзеге асырылады.

1-баған. Шарттар тізілімінде 20 мәнді нөмір жазбасын жүйе автоматты түрде толтырылады.

2-баған. Сатып алу шартына өзгеріс енгізілген жағдайда күні «күн, ай, жыл» (00.00.0000. мысалы, 04.10.2013.) форматында көрсетіледі.

3-баған. Тауарларға, жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге тапсырыс берушінің толық атауы көрсетіледі.

4-баған. Тауарларға, жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге тапсырыс берушінің салық төлеуші ретіндегі тіркеу нөмірі көрсетіледі.

5-баған. Тауарларға, жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге тапсырыс берушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

6-баған. Сатып алу тәсілі мәтіндік бөлігі мен код аймағының мәнінің мынадай сәйкестігіне қарай көрсетіледі:

тендер - 1;

баға ұсыныстарын сұрату - 2;

бір көзден сатып алу - 3;

ұйымдастырылған электрондық сауда-саттық - 4;

тауар биржалары арқылы - 5;

кепілдендірілген тапсырыс - 6.

7-баған. Сатып алу өткізілетіні туралы хабарламаға берілген нөмір көрсетіледі.

8-баған. Сатып алу қорытындылары шыққан күн «күн, ай, жыл» (00.00.0000. мысалы, 04.10.2013.) форматында көрсетіледі.

9-баған. Құжаттың «күн, ай, жыл» (00.00.0000.) форматында күні, нөмірі мен атауы (мысалы, № 54, сатып алу қорытындыларының хаттамасы) көрсетіледі.

10-баған. Шарт жасалған күн «күн, ай, жыл» (00.00.0000.) форматында көрсетіледі.

11-баған. Шартқа берілген нөмір көрсетіледі.

12-баған. Шарт валютасының коды валюталардың сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

13-баған. Тапсырыс беруші сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің коды Тауарлар, жұмыстар, қызметтер тізбесінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

14-баған. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы Тауарлар, жұмыстар, қызметтер тізбесінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

15-баған. Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаты) Тауарлар, жұмыстар, қызметтер тізбесінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

16-баған. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің қосымша сипаттамасы көрсетіледі.

17-баған. Тауар өндірілген ел елдердің анықтамалығына сәйкес көрсетіледі.

18-баған. Тауардың мәртебесі, егер: толық өндірілген болса - 1, қайта өңдеуге ұшыраған болса - 2 деп көрсетіледі.

19-баған. Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бірлік бағасы (нүктеден кейінгі екінші ондық мәнге дейін дәл) теңгемен көрсетіледі.

20-баған. Тауарлардың саны 19-бағанда аталған тауарлардың өлшем бірлігіне сәйкес көрсетіледі.

21-баған. Шарттың сомасы теңгемен (нүктеден кейінгі екінші ондық мәнге дейін дәл) көрсетіледі.

22-баған. Занды тұлғаның толық атауы немесе тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуші - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты шартқа сәйкес көрсетіледі.

23-баған. Занды тұлғалар үшін - Қазақстан Республикасы субъектісінің, қаланың (елді мекеннің), көшенің почталық мекенжайы, атауы, үйінің, кеңсесінің (егер бар болса) нөмірі, жеке тұлғалар үшін - Қазақстан Республикасы субъектісінің, қаланың (елді мекеннің), көшенің почталық мекенжайы, атауы, жеке тұлғаның тұрғылықты орны бойынша тіркелген үйінің, пәтерінің нөмірі көрсетіледі.

24-баған. Өнім беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) көрсетіледі.

25-баған. Занды тұлғалар үшін - бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), жеке тұлғалар үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) көрсетіледі.

26-баған. Елдердің анықтамалығына сәйкес өнім беруші резиденті болып табылатын ел көрсетіледі.

27-баған. Өнім берушінің телефоны және факсы (бар болса) көрсетіледі.

28-баған. Шарттың талаптарына сәйкес шарттың қолданылуы аяқталуының жоспарлы күні «айы, жылы» форматында (00.0000) көрсетіледі.

29-баған. Шарттың орындалған күні шарттың «күні, айы, жылы» форматында (00.00.0000.) көрсетіледі.

30-баған. Шарттың ақысын төлеу есебіне жүзеге асырылған төлемдер сомасы теңгемен не шартта көрсетілген валютада көрсетіледі.

31-баған. Өзге себептермен шарттың қолданылуының орындалуы немесе орындалмауы тоқтатылған күн «күні, айы, жылы» форматында (0000.00.00.) көрсетіледі.

32-баған. Шарт қолданысының тоқтатылу негіздемесі мен себебі оның бұзылуына байланысты немесе өзге себептері бойынша көрсетіледі.